

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Жағпарова Айнаш Хайроллақызы**

**ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ДЕҢГЕЙДЕ ІСКЕ  
АСЫРЫЛУЫН ЖЕТІЛДІРУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04107 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Хамбар Б., э.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ Акижанов К.Б., PhD, профессор

**Нұр-Сұлтан, 2022**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....</b>	<b>7</b>
<b>ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....</b>	<b>12</b>
<b>ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ .....</b>	<b>18</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>48</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>52</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР .....</b>	<b>60</b>

## Нормативтік сілтемелер

Магистрлік жобада келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы;

2. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;

3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысы;

4. Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы;

5. Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 337 қаулысы;

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығы;

7. Ұлттық жобалардың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 11 тамыздағы № 79 және Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2021 жылғы 12 тамыздағы № 1 бірлескен бұйрығы;

8. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығы;

9. 2021 – 2025 жылдарға арналған Атырау облысын дамыту бағдарламасын бекіту туралы 15 қаңтар 2021 жылғы №10-VII Атырау облыстық мәслихатының шешімі;

10. Атырау қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 5 қарашадағы № 25-VII шешімі

## Белгілеулер мен қысқартулар

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы;

БК – басқа көздер;

ҒЗТҚЖ - ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

ЖӨӨ – жалпы өңірлік өнім;

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

ЖҚҚ - жалпы қосымша құн;

ЖБ – жергілікті бюджет;

РБ – республикалық бюджет;

ОДМ – орнықты даму мақсаттары;

ТжКБ – техникалық және кәсіби білім;

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйым;

## Кіріспе

**Өзектілігі.** Орнықты даму тұжырымдамасының елімізде іске асырылу саясатының маңыздылығы мен өзектілігі "Қазақстан-2050" Стратегиясындағы: «... ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру» үндеуімен айқындалған [1].

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында да Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Орнықты даму мақсаттарының (бұдан әрі – ОДМ) міндеттеріне сәйкестендіру және ескеру талаптары көзделген [2].

Жаһандық мақсаттар дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық теңгерімді және орнықты дамуын көздейтін кедейлікті жою, планетаны қорғау және 2030 жылға қарай барлық адамдардың бейбітшілік пен өркендеу жағдайында өмір сүруін қамтамасыз ету үшін әрекет етуге бағытталған әмбебап үндеу ретінде.

2021 жыл қорытындысымен еліміз тұрақты дамудың жаһандық рейтингінде 165 елдің ішінде 59-шы орында және өткен жылдармен салыстырғанда рейтинг деңгейі артуда [3]. Бұл көрсеткіш ұлттық деңгейде жаһандық мақсаттардың іске асырылуындағы оң серпінді сипаттайды.

Ал, БҰҰ-ның Резолюциясында Орнықты даму стратегиясының ұлттық деңгейдегі нақты шараларында өңірлік және субөңірлік деңгейдегі механизмдердің маңыздылығы атап өтілген [4].

Сәйкесінше, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үйлесімде даму көзқарасына негізделген жаһандық мақсаттарға қол жеткізу ел аумағының өңірлері мен аймақтарында жүзеге асырылатын шаралардың тиімділігіне тікелей байланысты.

Алайда, бүгінгі күні ел өңірлерінің дамуы «орнықтылығы» тұрғысынан бағаланбайды. Ел өңірлерінің даму деңгейі жалпы ішкі өнім көлемімен (бұдан әрі - ЖІӨ) табиғи ресурстық әлеуеті негізінде өлшенуде және еліміздің мұнай-газ өндірісімен ерекшеленетін экономикалық оң әлеуетті өңірлерде экологиялық мәселелер аса өзекті. Ал, жаһандық тұжырымдама – елдің экономикалық өсімінің экологиялық зардаптарын болдырмау және экономикалық өсім игілігінің қоғамның әлеуметтік жағдайын жақсарту кепілі ретінде айқындалған.

Бұл ретте, БҰҰ-ның орнықты даму тұжырымдамасы үш бағытты теңгерімді түрде дамыту қажеттігін көрсетеді: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Бір бағытты екінші бағыт есебінен дамытпауға көңіл бөлу маңызды.

Осыған орай, әлем қабылдаған теңгерімді даму тұрғысынан өңірлердің ағымдағы орнықты даму деңгейі мен жаһандық мақсаттарды іске асыру бағытын бағалау әрі жетілдіру маңызды.

**Жобаның мақсаты мен міндеттері.** Жобаның мақсаты – ОДМ-ның жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын талдау және жетілдіру бағытында ұсыныстар жасақтау. Зерттеу барысында келесі міндеттер қойылды:

- ОДМ-ның ұлттық және жергілікті деңгейде жүзеге асырылу жағдайы;
- Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық, экологиялық дамуын ОДМ тұрғысынан зерделеу;

- ОДМ-ның жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын жетілдіру бағытында ұсыныстар жасақтау.

**Зерттеу сұрағы** – ОДМ-ның өңірде іске асырылуына қол жеткізу үшін жергілікті деңгейде институционалдық негіздерді қалай жетілдіруге болады?

**Зерттеу нысаны** – ОДМ-ның жергілікті жерде іске асу барысы.

**Зерттеу пәні** – Атырау облысында ОДМ-ның іске асырылу жағдайы, орнықты даму жағдайы.

**Гипотеза.** ОДМ-ын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің аумақтық деңгейдегі құжаттарына енгізу өңірлік деңгейде мақсаттарды тиімді жүзеге асыруға оң ықпал етеді.

**Күтілетін нәтижелер.** Зерттеу нәтижелері бойынша қалыптастырылған ұсынымдар ОДМ-ның жергілікті деңгейде жүзеге асырылу тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

**Зерттеу әдістері.** Сапалық және сандық: статистикалық, салыстырмалы талдау әдісі, контент талдау, анализ және синтез, теориялық талдау, сауалнама.

**Практикалық маңыздылығы.** Зерттеу нәтижелері бойынша қалыптастырылған ұсынымдар ОДМ-ның жергілікті деңгейде жүзеге асырылу тиімділігін арттыруда тиісті уәкілетті органдармен қолданылуы мүмкін.

**Жарияланымдар.** Магистрлік жоба аясында «Молодой ученый» халықаралық ғылыми журналында «Орнықты даму мақсаттарының өңірлік деңгейде жүзеге асырылуын жетілдіру мәселелері» тақырыбында мақала жарияланды, №15 (410), сәуір 2022 жыл.

## Әдебиетке шолу

Зерттеу жобасын жазудың практикалық базасын мемлекеттік органдардың ресми сайттарынан алынған есептіліктер, ресми статистикалық мәліметтер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, Атырау облысының өңірлік іс-шаралары мен даму бағдарламалары, өзге де ұлттық нормативтік құжаттар құрайды.

Қазіргі уақытта ОДМ бойынша теориялық әдебиеттер көп емес. Ақпаратты зерттеулерден, халықаралық және отандық институттардан, сараптамалық орталықтардан, сондай-ақ ерікті ұлттық шолулардан табуға болады.

Теориялық талдауда БҰҰ Бас Ассамблеясының Орнықты даму күн тәртібі бойынша резолюциялары, елдердің Ерікті Ұлттық шолулары, жергілікті деңгейде іске асыру жөніндегі тәжірибелері, ОДМ-ның іске асырылуы бойынша жаһандық баяндамалар, әдістемелік құралдары зерделеніп, негізге алынды.

Әлемнің Орнықты даму тұжырымдамасы БҰҰ-ның «Біздің әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібі» [4] қарарындағы кедейшілік пен аштықты болдырмау, халықтың денсаулығы, білім беру, гендерлік теңдік мәселесі, таза су, энергия, жұмыспен қамту, экономикалық өсім, индустриализация, инновациялар мен инфрақұрылым, теңсіздік, елді мекендердің орнықты дамуы, жауапты тұтыну мен өндіру, климат өзгеруі мен экожүйелерді қорғау мәселесі, бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар мәселелерін жақсарту идеясына негізделген 17 мақсат жиынтығы.

Жаңа өркениеттің басым құндылықтарының біріне «Орнықты даму» концепциясы жатады. Ең алдымен, Орнықты даму концепциясын адамзат тарихында алғашқы рет Рим клубының (1968 жылы италияндық экономист, қоғам қайраткері және бизнесмен А. Печчеи бастамасымен құрылған мемлекеттік емес халықаралық ұйым) өкілдері тұжырымдап берген [5]. 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткен қоршаған орта мен Орнықты даму жөніндегі халықаралық конференцияда Орнықты дамудың мынадай басты алғышарттары аталып өтілді [6]:

адамдық — «үздіксіз дамудың түйінінде адамдар тұруы қажет»;

экологиялық — «қоршаған ортаны қазіргі және келешек ұрпақтар үшін сақтау міндет»;

экономикалық — «даму, тұтыну үшін мұқтаждық»;

әлеуметтік — «кедейлік пен қайыршылықты жеңу»;

құқықтық — «қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді заңдар жүйесін жасау»;

халықаралық ынтымақтастық пен әріптестік — «мемлекеттер мен халықтар арасындағы сұхбатты жаңа деңгейге көтеру» және 4 қағидасы мәлімделді [6]:

1 – қағида: «Адам жөнінде қамдану Орнықты дамуды жүзеге асырудағы әрекеттерде орталық орын алады. Адамдардың табиғатпен үйлесімді, салауатты, жасампаз өмір сүруге құқығы бар...»

2 – қағида: «Даму құқығы бүгінгі және болашақ ұрпақтардың даму және қоршаған орта салаларындағы негізгі қажеттіктерін әділетті түрде жүзеге асыруы керек».

3 – қағида: «Дамушы елдердің, солардың арасында, бірінші кезекте, ең төмен дамыған және экологиялық жағдайы қауіптілерінің ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне басты назар аудару керек».

4 – қағида: «Әлем, даму және қоршаған ортаны қорғау бір-біріне байланысты және бөлінбейді».

Орнықты дамудың ең көп таралған және жалпы қабылданған анықтамасы БҰҰ Халықаралық Комиссиясының баяндамасында көрсетілген: "Орнықты даму – бұл қазіргі уақыттың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бірақ қауіп төндірмейтін даму, болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті. Орнықты даму - технологияның жай-күйі мен қоғамның ұйымдастырылуына байланысты шектеулер ұғымы, қоршаған ортаның қабілеттілігіне қазіргі және болашақ ортаны қанағаттандыру қажеттіліктері" [7]. Түсіндірмеге сәйкес, орнықты дамудың мәні мен шешілетін міндеттер ауқымы айтарлықтай кеңейді, нақтырақ алғанда, орнықты даму қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру жолдарын іздеуге бағытталған әлеуметтік, экономикалық және экологиялық ішкі жүйелерді үйлестіруге негізделген даму деп қарастырылады.

2020 жылғы ОДМ туралы есепке сәйкес 2020 жылы әлем бұл салада белгілі жетістіктерге қол жеткізді: мектепке бармаған балалар мен жастардың үлесі азайды; көптеген жұқпалы аурулардың азаюы жалғасты; қауіпсіз ауыз сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділікті арттыру; әйелдердің басшылық қызметтегі өкілдігі артты [8].

Алайда, пандемия кезеңінен бастап соңғы 2 жылда ОДМ-ның кедейшілік, оның ішінде, азық-түлік қауіпсіздігін бастан кешірген адамдар саны артты, денсаулық сақтау, лайықты жұмыс, елдер мен ел ішіндегі теңсіздіктер мәселелері өрши түсті. Көптеген елдерде денсаулық сақтау жүйесіндегі әлсіздіктер әшкереленді, экономикасы дамыған елдерде өлім-жітім деңгейі маргиналданған халық арасында ең жоғары болды [8].

Пандемия әсері ОДМ-ның өзектілігімен қатар 2030 күн тәртібі не үшін қажет екенін нақты көрсетті.

ОДМ-ның 2021 жылғы Баяндамасына сәйкес, жаңа құрылымдық өзгерістер талап етіледі. Әсіресе, әлеуметтік қорғау жүйесі мен мемлекеттік қызмет жүйелерінің күшеюі, ғылымға инвестицияны арттыру, технология мен инновация әлеуетін дамыту, «жасыл» экономиканы құрудағы белсенді қадамдар, экологиялық таза энергетика мен өнеркәсіпті инвестициялау, орнықты азық-түлік жүйесіне көшу, инфрақұрылым ақпараттарына инвестиция [9].

Пандемия кезеңінде ақпарат және мәліметтер жүйесінің жетілмеуінен шешім қабылдаушы тұлғалар қызметінің тиімсіздігі байқалды. Тек 60 жуық елдер ғана ковид өлімі мен жұқтыруы туралы жас пен жынысы бөлінісінде ақпараттарға ашық қол жетімділікке ие болды. Нақты мәліметтерсіз адамдарды қорғауға бағытталған стратегия, жоспарлар мен ресурстар жеткіліксіз. Әлемдегі Статистикалық мекемелер ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуде



инновациялық тәсілдерді қолдануға көшуде және осы бағытта серіктестікті дамытуда.

Жалпы, 2021 жылғы есептілікте ОДМ-ның іске асырылуына барлық күштер мен ұйымдар, субъектілердің жұмылдырылған еңбегінің маңыздылығы баса айтылған [9].

Халықаралық тәжірибе

ОДМ жергілікті деңгейде іске асыру бойынша әлем елдерін шартты түрде екі топқа бөлуге болады [10]

1-топ: тұжырымдамалық құжаттары бар елдер (ұлттық тұрақты даму стратегиялары). Бұлар ОДМ іске асыруға бағытталған ұлттық міндеттер мен шаралар кешені арнайы құжаттарда қалыптастырылған елдер және 2030 Күн тәртібін ескере отырып, стратегиялық құжаттарды жаңартқан елдер (мысалы, Германия, Канада).

2-топ: Тұрақты даму жөніндегі арнайы ұлттық құжаттары жоқ елдер. Бұл елдер ОДМ елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы мәселелерінің барлық спектрін қамтитын және тиісінше тұрақты дамудың көптеген аспектілерін қозғайтын бірқатар мамандандырылған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде іске асырылады. (мысалы, Бразилия, Ресей, Қытай) еліміз осы 2-топ санатындағы елдер қатарында.

ОДМ-ын ұлттандыру стратегиялары мен тәсілдері дамыған және дамушы елдерде тәсілдер мен механизмдерімен ерекшеленеді.

Тұрақты даму – бұл ең алдымен адами капиталды нығайту, маңызды шешімдерді әзірлеуге және қабылдауға азаматтар мен қоғамдық институттарды тарту. Ал бұл – «ешкімді де артта қалдырмау» тұрақты дамудың басты қағидасы.

Сонымен қатар, тұрақты даму міндеттерін іске асырудың саяси қолдаудың жоғары деңгейі, көлденең интеграция және тік интеграция (халықаралық, ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейлер) сияқты негізгі қағидаттарын ерекше атап өтуге болады. Бұл негізгі принциптерді қамтамасыз ету көп жағдайда үш тараптың: үкіметтің, бизнестің және халықтың күш-жігерін сәтті біріктіруіне байланысты.

ОДМ-ның «ешкімді де тыс қалдырмау» қағидасы бойынша жергілікті деңгейдегі тиімділік әр түрлі мүдделі тараптардың, мемлекеттік органдар, бизнес, азаматтық қоғам өкілдерінің ынтымақтастығы, жергілікті институттардың белсенділігімен өлшенеді. ОДМ жүзеге асыруда азаматтық қоғамның белсенділігі маңызды роль атқарады. Осы бағытта жекелеген елдер тәжірибесіне үңілсек [10]:

Ямайка халықты ақпараттандыру тарту үшін 2019-2022 жылдарға арналған ОДМ коммуникация және үгіт-насихаттық Жол картасын әзірлеген.

Арменияда ОДМ Ұлттық статистикалық платформасы азаматтық қоғам ұйымдары және жеке сектормен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Испанияда Орнықты даму кеңесі ғылыми орта, азаматтық қоғам, жеке сектор және басқа да мүдделі тараптардың өкілдері, сондай-ақ 2030 күн тәртібіне қатысты әртүрлі салалардағы сарапшылардан тұратын кеңесші орган ретінде құрылған. Азаматтық қоғам ТМД-ны жүзеге асыруға белсене қатысу мысалы,

Орнықты даму туралы хабардарлықты арттыруға көмектесу үшін азаматтық қоғам ұйымдарын біріктіруге арналған сектораралық платформа.

Камерунда Азаматтық қоғам ұйымдары ОДМ-ға ұлттандыруды нығайту бағытында ОДМ-ын жергілікті тілдерге аудару, орта мектепте білім беруді жеңілдету үшін орта мектептер мен колледждерде Орнықтылық клубтарын құру, жастардың түсінуін жеңілдету үшін ОДМ комиксін құру және жастардың әлеуетін арттыру үшін азаматтық қоғам басқаратын ортақ бірлескен платформа құру шаралары атқарылуда.

Бірнеше азаматтық қоғам ұйымдары мен коалицияларының қолдауымен Мали 2018 жылы 2030 күн тәртібін жүзеге асыруда азаматтардың назарға алынуын қамтамасыз ету үшін My Worldview 2030 бағдарламасын іске қосты.

БАӘ ОДМ жүзеге асыру жоспарын әзірлеуге азаматтық қоғам мен жеке секторды насихаттау және тартудың кешенді жоспарын әзірленген. ОДМ туралы ақпараттандыруды арттыру үшін әртүрлі ұлттық науқандарды жүргізіп, жұртшылық үшін ОДМ порталын жасаған.

Швейцария азаматтық қоғаммен және жеке сектормен тығыз жұмыс істейді. 2030 жылға дейінгі күн тәртібі бойынша консультативтік топ құрылды, оның құрамына коммерциялық емес ұйымдар, академиялық орта және саясатты әзірлеуге қатысатын жеке сектор кіреді. Сондай-ақ «Орнықты даму 2030 диалогы» тақырыбымен ақпарат алмасу және талқылау алаңы құрылды.

Көптеген елдерде азаматтық қоғам ОДМ жүзеге асырудағы ілгерілеудің жай-күйі туралы өз ұстанымын ұсынатын ресми Ұлттық шолулардан бөлек Альтернативті шолуларды дайындайды. Атап айтқанда, Ресейде елдің Орнықты дамуы жөніндегі Коалиция бастамашыл тобы [11]. Коалицияның шолулар даярлаудағы мақсаты – ОДМ жүзеге асыру бойынша мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы ынтымақтастық жолдарын іздеу және мемлекеттік секторға ұсынымдар беру.

Көптеген елдерде мемлекеттік қызметкерлерді оқыту шаралары қабылданған және Ерікті ұлттық шолуларда мемлекеттік қызметкерлердің әлеуетін арттырудың маңыздылығы келтірілген [10].

Армения БҰҰДБ-мен бірлесе отырып мемлекеттік қызметкерлерге арналған қоршаған ортаны қорғау туралы жеке оқу курсы жасақтауда.

Бенинда ұлттық және халықаралық мекемелермен жергілікті және өңірлік органдар ОДМ мәселелері бойынша оқыту жүргізеді.

Бенинде ОДМ іске асыру үшін қажетті бюджеттік ресурстардың үлесін дәл бағалаудың аналитикалық құралдарын жасақтауда.

Вьетнамда жергілікті және өңірлік билік органдары халықаралық және ұлттық ұйымдармен серіктестікте ОДМ мәселелері бойынша мемқызметкерлерді даярлауда, оның ішінде мемлекеттік басқарудың Ұлттық мектебімен 3-күндік семинарлар өткізу.

Испанияның да Ұлттық іс-қимыл жоспары да мемлекеттік қызметкерлерді ОДМ іске асыруға қажетті тәжірибе мен мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге бағытталған.

Кабо-Вердода жергілікті және өңірлік билік органдары халықаралық және ұлттық ұйымдармен серіктестікте ОДМ өзектілігі мен қаржыландыру мәселелері бойынша мемқызметкерлерді, салалық министрліктің азаматтық қызметкерлерін даярлауда.

Канадада ОДМ-ның №12 бойынша мемлекеттік қызметкерлерді жасыл сатып алулар бойынша даярлауда.

Латвиялық ассоциацияның жергілікті және өңірлік билік органдары жергілікті деңгейдегі мемқызметшілерді Орнықты даму бағытында оқытуда.

Сауд Арабиясы тиімділікті бағалау Ұлттық орталығы арқылы мемқызметкерлерді 2030 Көрінісіне оқытып, қол жеткізуге қатысты тиімділігін бағалайды. Орталық мемқызметкерлерді 2030 Күн тәртібін іске асырудың түрлі бағдарламаларын мониторингілеуге белсенді тартады.

Сингапур қызметкерлерді ОДМ бойынша дайындайды. «Мемлекеттік қызмет: 2030 және одан әрі», бағдарламасы мысалға, ОДМ жүзеге асыруға бағытталған стратегиялық саясатты әзірлеуге және мемлекеттік секторды реформалауды ілгерілетуге қатысатын жоғары деңгейдегі шенеуніктерге бағытталған. Ұлттық бюджет білім беру және ҒЗТҚЖ сияқты ОДМ байланысты түрлі мәселелерге бөлінеді.

Того, Ямайки Уругвайда да мемлекеттік қызметкерлер, жергілікті және өңірлік билік органдары халықаралық және ұлттық ұйымдармен серіктестікте ОДМ бойынша білім алуда.

Шри ланкада Орнықты даму, жабайы табиғат қорғау, өңірлік даму министрліктері ақпараттық, насихаттауды арттыру, консультациялар мен әлеуетті дамыту бағытында кадр даярлау бағдарламалары арқылы ұлттық және субұлттық мүдделі тараптарды тартады.

Жергілікті билік органдары Орнықты даму стратегиясын әзірлеп, қаржы министрлігі салалық министрліктерге өз қызмет бағыттары бойынша ОДМ жүзеге асыру жобалық ұсынымдарын беруді тапсырды.

Швейцарияда уәкілетті тұлғалар, мемлекеттік қызметкерлер Орнықты даму бойынша форумдарда білім мен тәжірибе алмаса алады [10].

Әдебиеттерді шолуды қорытындыласақ, бүгінгі күні 2030 жаһандық күн тәртібі әдебиеттерде әлі де терең талдауды қажет ететіндігі туралы тұжырым жасауға болады. Алайда, ОДМ жүзеге асыру үшін арнайы стратегияның көмегімен ғана емес, негізгі қағидаларын ел стратегиясына енгізе отырып та жүзеге асыруға болатынын көрсетеді. Осы ретте, көптеген елдердің ОДМ-ын имплементациялауда мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру механизмдерін негізгі басымдықтар ретінде айқындауының озық тәжірибелерін байқауға болады.

## Зерттеу әдістері

Магистрлік жоба аясында зерттеу әдістерінің сандық және сапалық әдістері қолданылды.

Әдебиеттерді шолу барысында теориялық талдау және анализ әдісі, зерттеу тақырыбына қатысты еліміздегі нормативтік құжаттарды салыстырмалы талдау, контент талдау, анализ және синтез әдестері, өңірдің дамуы бойынша көрсеткіштерге статистикалық талдау әдістері қолданылды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының Орнықты даму күн тәртібі бойынша резолюциялары, ОДМ-ның іске асырылуы бойынша жаһандық баяндамалар, өңірдің орнықты дамуы туралы сауалнамалар мен зерттеулер, рейтингтер зерделенді.

ОДМ-ын өңірлік деңгейде локализациялау бойынша елдердің Ерікті Ұлттық шолулары, дамыған және дамушы елдердің ұлттық деңгейде жүзеге асыру тәжірибелері бойынша халықаралық тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасалды.

Зерттеу жобасында Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын, проблемалық мәселелерін статистикалық және ведомстволық есептер тұрғысынан талдауларға басымдық берілді. Өңірдің соңғы 5 жылдағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері зерделенді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өңірлік құжаттары ОДМ-на сәйкестігі тұрғысынан, өңірлік бағдарламалардың тиімділігі, қоғамдық пікірлер талданды.

ОДМ-ын іске асыруда азаматтық қоғамның үлесі мен белсенділігін айқындау мақсатында Атырау облысының азаматтық қоғам ұйымдары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама онлайн түрде, Google Forms жүйесінде жүргізілді. Сауалнама белсенді ұйымдар арасында, «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Азаматтық орталығы» КММ-сінің қолдауымен өткізілді.

Сауалнама азаматтық қоғам ұйымдарының 6 сұрақтан құралды:

1. 2015 жылы БҰҰ-мен қабылданған ОДМ туралы қаншалықты ақпараттандырылғансыз?

2. ОДМ туралы қай ақпарат көздері арқылы таныстыңыз?

3. Ұйымыңыздың қызмет бағытын жүзеге асыруда ОДМ тұжырымдамасын (мақсат-міндеттерін, индикаторларын) қаншалықты басшылыққа аласыз?

4. Жергілікті/өңірлік деңгейде ОДМ-ын насихаттау шараларын қалай бағалайсыз?

5. БҰҰ-мен 2015 жылы қабылданған Жаһандық мақсаттардың Ұлттық деңгейде іске асырылуын өлшейтін Ерікті Ұлттық шолуы жасақталды (2019 ж), ал, 2022 ж екінші Шолу жасақталуда. Сұрақ: ресми шолуларға баламалы түрде Азаматтық қоғам ұйымдарымен ОДМ-ның 17 мақсаты тұрғысынан Өңірдің Орнықты дамуын өлшейтін және мемлекеттік органдарға шешім қабылдауға ұсынылатын тәуелсіз, сарапшылық Шолулар жасақталуын қолдайсыз ба?

6. ОДМ-ның жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын жетілдіру үшін алдыңғы кезекте маңызды?

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің ОДМ туралы ақпараттандырылу деңгейі және білім жетілдіруге қажеттілігін айқындау мақсатында экономика, табиғат қорғау және әлеуметтік саладағы мемлекеттік қызметкерлердің арасында онлайн түрде, Google Forms жүйесінде сауалнама жүргізілді. Сауалнама 5 сұрақтан құралды:

1. Лауазымыңыз
2. 2015 жылы БҰҰ-мен қабылданған ОДМ (ОДМ) туралы қаншалықты ақпараттандырылғансыз?
3. ОДМ туралы қай ақпарат көздері арқылы таныстыңыз?
4. Қызметтік міндеттеріңізді жүзеге асыруда ОДМ тұжырымдамасын (мақсат-міндеттерін, индикаторларын) қаншалықты басшылыққа аласыз? Жергілікті/өңірлік деңгейде ОДМ-ын насихаттау шараларын қалай бағалайсыз?
5. Орнықты даму бағытында білім алуға қажеттілігіңіз қандай?

## Талдау және зерттеу нәтижелері

### **ОДМ-ның ұлттық және жергілікті деңгейде жүзеге асырылу жағдайы.**

2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымымен қабылданған «барлығы үшін неғұрлым тұрақты және жақсы болашаққа қол жеткізу» жаһандық Жоспарын жүзеге асыруда Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде ұлттық деңгейде нақты бірқатар шаралар кешенін қабылдады.

Жалпы, елімізде ұлттық деңгейде ОДМ-ын іске асырудың институционалдық негізі толықтай қалыптасты. Атап айтқанда:

✓ ОДМ ұлттық архитектурасы құрылды:

ОДМ іске асыру бойынша үйлестіруші орган ретінде ҚР Ұлттық экономика министрлігі, Хатшылық - "Экономикалық зерттеулер институты" АҚ, ОДМ мониторинг комитеті, ведомствоаралық жұмыс топтары [12].

ОДМ институционалды архитектурасын қалыптастыру бағытында 2018 жылы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Орынбасарының басшылығымен «Адамдар», «Өркендеу», «Планета», «Әлем» және «Әріптестік» бағыттары бойынша 5 Үйлестіру кеңесі мен сәйкесінше ведомствоаралық топтар құрылды [12].

✓ ОДМ-ның қағидаттары мемлекеттік жоспарлау жүйесіне енгізілді:

2019 жылғы кешенді бағалауға сәйкес ОДМ-ның шамамен 79%-ы Қазақстанның стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында қамтылғандығы анықталса, 2021 жылы «Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық жоспарын, елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу әдістемесінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу кезінде БҰҰ-ның мақсатты индикаторлары ескерілу бойынша толықтыру енгізілді (ОДМ индикаторларын қамтитын 10 Ұлттық жоба бекітілді) [2].

✓ ОДМ-ның ұлттық индикаторлары бекітілді:

ОДМ көрсеткіштерінің жинақталу, мониторинг және таралу қызметін үйлестіруші орган Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы болып бекітілді. 2021 жылы 12 наурызда Үйлестіру кеңесінің V отырысында ОДМ-ның 262 көрсеткіштерінен құралған 2030 жылға дейінгі Ұлттық индикаторлары бекітілді (146 жаһандық көрсеткіш өзгеріссіз қабылданды, 44 жаһандық көрсеткіштерге шамалы өзгерістер енгізілді, 30 балама/прокси көрсеткіштер, 42 ұлттық көрсеткіш қосымша енгізілді). Маңыздылығы бойынша индикаторлар келесі топтарға жіктелген: өзекті-87, мониторинг үшін-116, кейінге қалдырылған-59. Сонымен қатар, ОДМ индикаторлары бойынша есептілік пен деректерді таратудың негізгі құралы - Ұлттық платформа (<https://kazstat.github.io/sdg-site-kazstat/>) қалыптастырылды, алайда, платформа қазіргі уақытта альфа нұсқада, әзірлену сатысында [13].

Ұлттық деңгейде атқарылған келесі маңызды шаралардың бірі - 2019 жылы ОДМ-ның Қазақстан да іске асырылу барысы туралы «Сапалы білім», «Лайықты

жұмыс және экономикалық өсу», «Теңсіздікті азайту», «Климаттың өзгеруімен күрес», «Әлем, сот төрелігі және тиімді институттар», «Орнықты даму мүддесіндегі Әріптестік» тақырыптық бағыттарында БҰҰ-ның Жоғары деңгейдегі саяси форумында таныстырылған Ерікті ұлттық шолу. Ұлттық шолудың маңыздылығы елдердің ОДМ-ның міндеттері мен оны іске асырудағы олқылықтарын зерттеп, бағалап, неғұрлым тиісті саясатты жоспарлауға және қол жеткізу тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық мақсаттарды қайта қарауға мүмкіндік береді [14].

Сонымен қатар, ОДМ жүзеге асырудағы консультативті-кеңесші орган Экономикалық зерттеулер институтымен бюджеттік жоспарлаудың ОДМ-мен үйлесімділігі бағытында бірыңғай бюджеттік классификаторлардың бюджеттік бағдарламаларына жедел кешенді бағалау жүргізіліп, балаларға арналған бюджетті қалыптастыру механизмі және гендерлік бюджетті қалыптастыру әдістемесі жасақталды [12].

ОДМ іске асырудың негізгі акторлары мемлекеттік билік, азаматтық қоғам және бизнес. Аталған жүйелердің ынтымақтастығы ОДМ-ын іске асырудың маңызды тетіктерінің бірі. Ұлттық деңгейде 2019 жылы БҰҰ-ның Даму бағдарламасымен БҰҰ ілгерілету үшін ұлттық және жергілікті деңгейдегі 1500-ден астам өкілді біріктіретін, көп жақты, мемлекеттік және жеке секторлардың диалог алаңына айналған ОДМ платформасы құрылған. Қазақстанның Азаматтық Альянсы ОДМ іске асыруға белсенді қатысуда [12].


Бұған қоса, ҚР Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасының V бағытында Қазақстандағы БҰҰ-ның ОДМ имплементациялауға азаматтық қоғамды тарту. Азаматтық қоғам ұйымдарының қатысуымен ОДМ іске асырудың қоғамдық мониторингін ұйымдастыру» тармағы енгізілген. Сәйкесінше, осы тұжырымдаманы іске асыру іс-шаралар жоспарына енгізілген. [15].

2021 жыл қорытындысымен еліміз тұрақты дамудың жаһандық рейтингінде 165 елдің ішінде 59-шы орында (мүмкін болатын 100 баллдан 71,6 ұпай жинады). 2020 жылмен салыстырғанда еліміз өз позициясын 6 пунктке жақсартты (65-орыннан 59-орынға дейін).

Қазақстан есептік кезеңде ОДМ-ның «Кедейлікті жою» мақсатына ғана жетті. Ал, нашар нәтижелер аштық, құрлық экожүйелерін қорғау, бейбітшілік, әділеттілік және күшті институттар, Орнықты даму мүдделеріндегі әріптестіктер бойынша анықталды [3].

**Алайда, ОДМ-ның жергілікті деңгейдегі имплементациясы ұлттық деңгеймен салыстырғанда нақты шаралар кешенін талап етеді.**

Өңірлік деңгейде ОДМ-ын іске асыру бойынша шаралар кешені жеткілікті деңгейде жүйеленбеген, өңірлердің «орнықты» дамуын бағалаудың нақты тетіктері айқындалмаған, институционалдық, әдістемелік негізі, жүйесі қалыптастырылмаған. ОДМ-ның жаһандық, ұлттық, жергілікті деңгейдегі институттық архитектурасын салыстырмалы түрде 1-суреттен байқауға болады.



1-сурет – ОДМ-ның жаһандық, ұлттық және өңірлік деңгейдегі  
институционалдық архитектурасы


Ескертпе - дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [2; 4; 8; 12; 13; 14;]

Жергілікті деңгейде ОДМ-ын іске асыруға бағытталған шаралар ОДМ іске асыруда сарапшылық-аналитикалық қолдау көрсетуші орган «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Хатшылығымен 2019 жылдан бастап өңірлерде өткізілген семинарлармен шектелуде. Аталған семинарларда мемлекеттік қызметкерлер мен халықтың әртүрлі топтарының қатысуымен интерактивтік дискуссиялар мен Миссия-2030 интерактивті ойыны арқылы ОДМ жүзеге асыру бойынша пікірлер жинақталып, проблемалық мәселелер кешені айқындалуда [12].

Алайда, ОДМ іске асыру бойынша Хатшылық тарапынан өңірлерде өткізілген семинарлар жергілікті деңгейде ОДМ туралы ақпараттандырылудың




қажетті деңгейіне қол жеткізу үшін жеткіліксіз. Бұл мәлімдемеге дәлел – Атырау облысы өңірінің қоршаған ортаны қорғау, экономика және әлеуметтік саладағы мемлекеттік қызметкерлер арасында ОДМ туралы ақпараттандырылу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген онлайн сауалнама (сауалнамаға 85 респондент қатысты, Google Forms жүйесінде, 5 сұрақтан құралды) нәтижелері. Әр сұрақ бойынша сауалнама нәтижелері жеке-жеке 2; 3;4 – суреттерде келтірілген.



2-сурет – Қызметкерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Мамандардың 13% өте жақсы біледі, 18% қызметтік міндеттеріне қатысты жекелеген бағыттарымен таныс, 31% жалпылама мағлұмат, 14% жеткіліксіз біледі, 26% таныс емес, 44% ОДМ қызметінде басшылыққа алмайды, қолданбайды және 63,4% ОДМ туралы білім жетілдіруді қажет етеді, маңызды деп бағалайды.



3-сурет – Қызметкерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]



4-сурет – Қызметкерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Респонденттер БАҚ арқылы - 33%, семинар мен конференциялар арқылы - 27%, gov.kz арқылы - 14% ақпараттандырылған.


Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, мемлекеттік қызметкерлер тарапынан ОДМ туралы жеткілікті білімнің болмауы, қызметте басшылыққа алмауы сондай-ақ, ОДМ туралы білім жетілдіруге деген жоғары қажеттілік болуы ОДМ жергілікті деңгейде іске асырудың жетілдірудің нақты шараларын қабылдауға негіздеме. Жалпы, ағымдағы жылды қоса алғанда соңғы 3 жылғы талдауға сүйенсек, өңірде жүзеге асырылған ақпараттық – насихаттық шараларда ОДМ қарастырылмаған.

ОДМ іске асыруды мемлекеттік билік, азаматтық қоғам және бизнес үшжақты жүйесі арқылы жетілдіру ұлттық деңгейде Азаматтық Альянсы арқылы іске асырылса, жергілікті деңгейде азаматтық қоғамды орнықты дамуды іске асыруға тартудың тетіктері жүйеленбеген, азаматтық қоғам өкілдерімен нақты іс-қимыл жүйесі айқындалмаған.

Атап айтқанда, жоғарыда аталғандай, азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асырудың республикалық іс-шаралар жоспарында белгіленген «БҰҰ-ның ОДМ имплементациялауға азаматтық қоғамды тарту» бағыты облыстық іс-шара жоспарында көзделмеген [16].


Бұған қоса, «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Азаматтық орталығы» КММ-сі арқылы өңірдің Азаматтық қоғам ұйымдарына жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес, сауалнамаға қатысқан үкіметтік емес ұйым өкілдерінің 47,8% - таныс емес, 8,7% - жеткіліксіз, 30,4% - жалпылама мағлұмат, 8,7% - өте жақсы, 30,4% - қызметіне қатысты жекелеген мақсаттарымен таныс.

Үкіметтік емес ұйым өкілдерінің ОДМ туралы ақпараттандырылу деңгейі 5-суретке сәйкес сауалнама нәтижелері бойынша келтірілген.




5-сурет – ҮЕҰ жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Ұйымдардың басым бөлігі - 26,1% семинарлар, конференциялар арқылы таныс болса, 13% шетелдік ақпарат көздерінен көбірек мағлұмат алған. ҮЕҰ-дың ОДМ туралы қай ақпарат көздері арқылы таныс екендігі 6-суретке сәйкес сауалнама нәтижелері түрінде көрсетілді.




6-сурет – ҮЕҰ жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Сондай-ақ, ұйым өкілдерінің басым бөлігі – 61% ОДМ-ын қызметінде жеткіліксіз басшылыққа алады. 17,4% орташа, ал 13% әлсіз қолданады. Ұйымның қызмет бағытын жүзеге асыруда ОДМ тұжырымдамасын (мақсат-міндеттерін, индикаторларын) ҮЕҰ өкілдері қаншалықты басшылыққа алатындығы бойынша ақпарат- сауалнама нәтижелері 7-суретте берілді:



7-сурет – ҮЕҰ жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Ал, жергілікті/өңірлік деңгейде ОДМ-ын насихаттау шараларын респонденттердің 52,2% мүлде атқарылмайды деп бағаласа, 26,1% төмен деп бағалайды. ҮЕҰ өкілдері пікірінше жергілікті/өңірлік деңгейде ОДМ-ын насихаттау шараларын бағалау нәтижелері сауалнама қорытындысы бойынша 8-суретте келтірілді:



8-сурет – ҮЕҰ жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Сонымен қатар, жергілікті деңгейде ОДМ-ның мониторинг жүйесі де жетілдіруді талап етеді. Себебі, Ұлттық индикаторлар жүйесінде өңірлік индикаторлардың үлесі жеткілікті қалыптастырылмаған, жалпы индикаторлар санынан 36,4% үлесінде немесе барлығы 74 индикатор бойынша ғана мониторинг жүргізіледі [13]. Бұл мәселе өңірлердің ОДМ бойынша деңгейді анықтауда елеулі кедергі болып саналады. Сондай-ақ, көптеген өңірлік көрсеткіштер 2015 жылғы мультикластерлік зерттеулер, яғни жаңартылмаған.

ОДМ ұлттық индикаторларының өңірлік көрсеткіштерінің қалыптастырылу үлесі 1-кестеде толығырақ көрсетілген.

Кесте 1 – ОДМ-ның ұлттық және өңірлік деңгейде индикаторларының қалыптастырылуы

ОДМ №	2021 жылғы 12 наурыздағы 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарының ұлттық көрсеткіштеріне сәйкес индикатор саны	Ұлттық индикаторлардың өңірлік бөлінісі (ағымдағы)	ОДМ мониторингі	
			Тұрақты даму мақсаттарының мониторингі, әр мақсат бойынша: <a href="https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals/goal_01_no_poverty">https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals/goal_01_no_poverty</a> , өңірлер бөлінісіндегі индикатор саны (2010-2020 жж)	2016-2020жж статистикалық жинаққа сәйкес өңірлер бөлінісіндегі индикатор саны
1	10	5	5	0
2	16	3	3	1
3	28	11	11	2
4	23	8	8	6
5	13	2	2	1
6	11	2	2	2
7	7	2	2	1
8	16	8	8	1
9	16	8	6	4
10	13	0	0	0
11	14	9	8	4
12	12	0	0	0
13	6	3	2	1
14	5	2	2	1
15	14	5	5	7
16	34	2	2	0
17	24	2	2	0
	<b>262</b>	<b>72</b>	<b>68</b>	<b>31</b>

Ескертпе-ОДМ ұлттық индикаторлары бойынша статистика негізінде автормен құрастырылған [13]

ОДМ-ның Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне енгізілуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту қаулысында, Қазақстанның 2050 жылға

дейінгі даму стратегиясы Біріккен Ұлттар Ұйымының ОДМ-ын ескере отырып айқындайды делінген, ал, 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің төмен тұрған құжаттары арқылы іске асырылады [2].

Сонымен қатар, аталған қаулыға сәйкес, Даму тұжырымдамасы БҰҰ-ның ОДМ-на қол жеткізуге бағытталған тиісті саясатты іске асырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды және Ұлттық жобалар да БҰҰ-ның ОДМ-на сәйкестігі тұрғысынан стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісетіндігі көрсетілген [2]. Орнықты даму мақсаттарының мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарында бекітілуі 2-кестеде толық сипатталған.

Кесте 2 – ОДМ-ның мемлекеттік жоспарлау жүйесінде бекітілу схемасы


Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары:	Орнықты даму мақсаттары мемлекеттік жоспарлау жүйесінде:
1) Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы;	
2) Жалпыұлттық басымдықтар;	
3) Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы;	
4) Елдің аумақтық даму жоспары;	
5) саланы/аяны дамыту тұжырымдамасы, ұлттық жобалар;	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Даму тұжырымдамасы БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған тиісті саясатты іске асырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды</li> <li>● Ұлттық жобалар БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына сәйкестігі тұрғысынан стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі</li> </ul>
6) мемлекеттік органдардың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың (бұдан әрі – ұлттық компаниялар) даму жоспарлары.	

Ескертпе - нормативтік құжат негізінде автормен құрастырылған [2]

Ұлттық жобалар индикаторларының ОДМ-на сәйкестігі жобалардың міндеттер және нәтижелер көрсеткіштер бөлігінде көзделген. Бұл ретте, бекітілген 10 ұлттық жобаның 4-нде ОДМ индикаторлары келтірілген: 1). Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба; 2) «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы; 3) «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы; 4). Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жоба [17].

ОДМ-ын жүзеге асыруда аналитикалық – сараптамалық қолдау көрсетуші орган «Экономикалық зерттеулер институтының 2019 жүргізілген зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстанның мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары 80%-ға ОДМ-мен сәйкес келеді делінген[12]. Алайда, аталған ұйымның 2021 жылғы жүргізген бірыңғай бюджеттік классификаторлардың бюджеттік бағдарламаларына жедел кешенді бағалау зерттеуіне сәйкес мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі ОДМ мен мақсаттардың қаржыландырылуында сәйкессіздіктер анықталды, бұл – ОДМ-ның нақты мақсатты қаржыландырылу жүйесінің қалыптаспағандығының көрінісі. Бұл ретте, ОДМ сәйкестік пен нақты сол мақсаттарды іске асыруға бағытталған мақсатты қаржыландыру мәселесіндегі айырмашылықтарды байқауға болады.

Ал, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өңірлік деңгейдегі құжаттарында ОДМ-ның қамтылуына тоқталсақ, Хатшылық тарапынан жүргізілген зерттеулерге сәйкес, Аумақтарды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспарлары ОДМ ұлттық индикаторларының орташа есеппен 20% қамтылғандығы анықталды [12]. Өңірлер бөлінісінде ОДМ-ның аумақтық даму бағдарламаларында қамтылуы 9-суретте келтірілді.



9-сурет– ОДМ-ның аумақтық даму бағдарламаларында қамтылу деңгейі  
Ескертпе - дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [12]

Бұл ретте, мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес, облыстың даму жоспарын іске асыру жоспары міндетті түрде Стратегиялық көрсеткіштер картасында және ұлттық жобаларда көзделген, тиісті өңірге бекітілген көрсеткіштерді қамтиды [18].

Ал, стратегиялық Карта көрсеткіштері мен Ұлттық жоба индикаторлары ОДМ мақсаттарының индикаторларын толықтай қамтымайды. Стратегиялық карта көрсеткіштері мен Ұлттық жоба индикаторларының ОДМ индикаторларына қаншалықты сәйкес келетіндігін, қаншалықты қамтитындығын 3-кестеде келтірілген талдаудан байқауға болады.

3-кесте – Стратегиялық карта көрсеткіштері мен Ұлттық жоба индикаторларының ОДМ индикаторларына сәйкестігі

<i>Құжат атауы</i>	<i>Индикатор саны</i>	<i>ОДМ №</i>
Стратегиялық карта көрсеткіштері	26	№2,3,4,6,9,10,11,16
Ұлттық жоба индикаторлары	18	№2,8,9,10,11, 12

Ескертпе – нормативтік құжаттар негізінде автормен құрастырылған [17; 19]


Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының 80%-ға ОДМ-мен сәйкес келуі бағаланса да, құжаттардың ең төменгі иерархиясына дейін ОДМ декомпозицияланбаған. Ұлттық жобаларда ОДМ ұлттық индикаторлары мен міндеттері толықтай қамтылмаған. Өңірлік жобалардың қаржыландыру негізі даму бағдарламаларында көзделген индикаторлар негізінде жүзеге асырылатындықтан жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша облыстың, «даму жоспарын іске асырудың нысаналы индикаторлары ретінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарында өңірге бекітілген индикаторлардың 20 %-ынан аспайтын мөлшерде өңірдің ерекшелігі ескерілген қосымша индикаторларды енгізу» [18] мүмкіндігі көп жағдайда өңірлермен қолданылмайды, себебі, жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарындағы Стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізу міндеттері мен қаржылық мүмкіндіктер шектеулілігі аталған тармақтың қолданылуына негізгі кедергілердің бірі деп болжауға болады. Осы ретте өңірлік даму бағдарламаларында өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін, ОДМ индикаторларының неғұрлым толық қамтылуы немесе өңір үшін өзекті бағыттарының қамтылуы маңызды.



## Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық, экологиялық даму жағдайы, ОДМ тұрғысынан проблемалық мәселелері.

Атырау облысы экономикасының негізгі бөлігі тау-кен, мұнай-газ саласына маманданған, негізгі тірек өңірлердің бірі.


Өңірлер арасында аймақ экономикалық әлеуеті дамыған, жалпы ішкі өнім, бюджеттік түсімдер және өзге де макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша дамыған өңірлер санатында, табыс мөлшері (орташа жалақы) бойынша да өңірлер арасында көшбасшы өңір саналады. Өңірлер бөлінісінде аймақтың орташа жалақы көлемі [20] және өңірлік өнім көлемі [21] бойынша ең жоғары позицияда болуы 10; 11-суреттерде бейнеленген.



10-сурет – Халықтың орташа жалақы көлемі, 2022 ж.

Ескертпе - статистикалық көрсеткіштер негізінде автормен құрастырылды [20]

2022 ж.жағдайымен өңірде орташа жалақы көлемі – 411 655 мың теңге, өңірлер арасында 1 орында (ҚР-248 791 мың теңге) [20].




11-сурет – Жалпы өңірлік өнім көлемі, 2022 ж.

Ескертпе - статистикалық көрсеткіштер негізінде автормен құрастырылды [21]

ЖӨӨ көлемі бойынша облыс республика бойынша Алматы қаласынан кейінгі 2-орында, ҚР бойынша үлесі - 12%, жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім – 7 929,3 мың теңге. 2016-2020 жылдары аралығында ЖӨӨ 1,5 есеге артты [24].

Жалпы өңірлік өнім – өңірдің экономикалық қызметінің соңғы нәтижесін сипаттайтын ең маңызды макроэкономикалық көрсеткіш.

Алайда, өңірдің ресурстық потенциалына негізделген экономикалық жоғары даму әлеуеті өңірдің дамудың орнықты деңгейінде деп бағалауға кепіл емес. Бұған себеп мұнай өндірісіне қатысты болашақ жаһандық сын-қатерлер мен соңғы жылдардағы геосаяси және пандемиялық ахуалдар дәлел. 2020 жылы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы коронавирустық инфекция пандемиясына байланысты облыс дамуының негізгі көрсеткіштерінің төмендеуіне әсерін тигізді. Осы ретте, ЖӨӨ-нің негізгі үлесін (46,4%) өнеркәсіп құрайтындықтан, мұнайды өндіру көлемінің қысқаруы, мұнай бағасының құлдырауы себебінен жалпы өнеркәсіпте өндіріс көлемі азайды [21]. ЖӨӨ көлемінің пандемия кезеңінде өнеркәсіптің күрт төмендегенін 2016-2020 жж. бойынша салалық көрсеткіштер бөлігінде теріс серпінді 12-суреттен байқауға болады.



12-сурет – Атырау облысының 2016-2020 жылдарға арналған ЖӨӨ құрылымының динамикасы

Ескертпе-статистикалық көрсеткіштер негізінде автормен құрастырылды [21]

2020 жылы ЖӨӨ құрылымында өнеркәсіп, сауда, құрылыс, көлік, байланыс салаларында өндіріс көлемінің төмендеуі байқалды. Бұл көрсеткіш - өңір экономикасын одан әрі әртараптандыруға басымдық беру, шикізаттық емес өндіріс бағыттарын дамыту қажеттілігінің өзектілігі. ЖӨӨ құрылымы бойынша 2020 ж төмендеу үлесі 4-кестеде толығырақ келтірілді.

Кесте 4 – 2016-2020 жж. өңірдің ЖӨӨ құрылымы

Атауы	2016		2017		2018		2019		2020	
	көлемі млрд.т еңге	үлесі, %	көлемі,млр д.теңге	үлесі, %	көлемі,мл рд.тнғ	үлесі, %	көлемі,мл рд.тнғ	үлесі, %	көлемі,мл рд.тнғ	үлесі, %
<b>ЖӨӨ, млрд.тнғ</b>	<b>5200.7</b>	<b>100</b>	<b>5 947,7</b>	<b>100</b>	<b>7 818,8</b>	<b>100</b>	<b>9 327.3</b>	<b>100</b>	<b>7 738,3</b>	<b>100</b>
<b>ЖӨӨ НКИ,%</b>	<b>103.7</b>		<b>116,0</b>		<b>113.3</b>		<b>107.4</b>		<b>93.5</b>	
<b>Өнеркәсіп</b>	2556.6	49.2	2788,1	46.9	3 611,7	46.2	4449.4	47.7	<b>3 537,3</b>	45.7
<i>Тау-кен және карьерлерді қазу</i>	2266.9	43.6	2480.2	41.7	3235.4	41.4	4013.7	43,0	<b>3 071,7</b>	39.7
<i>Өңдеу өнеркәсібі</i>	256.5	4.9	268.4	4.5	328.6	4.2	374,9	4.0	<b>403.1</b>	5.2
<i>Электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, бу беру және ауаны баптау</i>	22.4	0.4	27.4	0,5	29.8	0.4	38.8	0,5	<b>46.5</b>	0.6
<b>Сумен қамтамасыз ету; кәріз жүйесі, қалдықтың жиналуын және таралуын бақылау</b>	<b>10.8</b>	0.2	12.1	0.2	17.9	0.2	22.0	0.2	<b>16.0</b>	0.2
<b>Құрылыс</b>	<b>485.1</b>	9.3	464.5	7.8	537.2	6.9	723,0	7.8	<b>747.1</b>	9.7
<b>Сауда</b>	<b>176,0</b>	3.4	421.5	7.1	<b>833.8</b>	10.7	971,0	10.4	<b>859.2</b>	11.1
<b>Көлік және байланыс</b>	<b>360.3</b>	6.9	374.4	6.3	459.5	5.9	579,0	6.2	<b>567.2</b>	7.3
<b>Ауыл, орман және балық шаруашылығы</b>	<b>57.8</b>	1.1	56.2	1.0	61.4	0,9	68.4	0,7	<b>77.7</b>	1.0
<b>Басқа қызметтер</b>	<b>1564,9</b>	30.1	1843,0	30.9	2315.2	29.4	2536.5	27.2	<b>1949.8</b>	25.2

Ескертпе-статистикалық көрсеткіштер негізінде автормен құрастырылды [21]

Облыс республикада тұрғындарының табиғи газбен қамтылуы 99,7%, орталықтандырылған сумен қамту 99,3% болуымен, яғни сапасының маңызды көрсеткіштері бойынша жоғары деңгейде [22].

Сондай-ақ, түрлі рейтингтер деңгейінде өңір жоғары позицияларды иеленуде, атап айтқанда Стратегиялық бастамалар орталығымен 2020 жылғы өңірлердің бәсекеге қабілеттілігі рейтингі бойынша өңір 2-ші орынға иеленді. Ал, 2021 жылдың 1 тоқсаны бойынша 1-орынға иеленді [23].

Кесте 5 – Өңірлердің бәсекеге қабілеттілік рейтингі

рейтинг №	өңірлер	экономикалық даму	бизнес орта	адами өлшем	мемл.менеджмент	экология
1	Алматы	2	1	2	6	10
2	Атырау	1	6	6	1	7
3	Нұр-Сұлтан	3	4	4	7	12
4	Маңғыстау	4	3	10	4	3
5	Павлодар	7	8	3	5	15
6	Қарағанды	5	16	8	10	8
7	БҚО	8	12	7	8	2
8	Шымкент	10	9	1	12	4
9	Ақтөбе	9	2	14	13	14
10	Қостанай	11	5	12	2	16
11	ШҚО	6	10	15	16	17
12	Түркістан	15	7	13	3	5
13	Ақмола	12	14	9	11	8
14	Алматы обл	13	15	5	9	11
15	Қызылорда	14	13	16	14	1
16	СҚО	17	11	17	15	6
17	Жамбыл	16	17	11	17	13

Ескертпе- дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [23]

Аталған әдістемеге сәйкес, рейтинг 5 фактор негізінде есептелді: экономиканың үлесі -50%, бизнес ахуал-20%, экология -5%, мемлекеттік басқару -10%, адами өлшем-15%. Өңір аталған рейтингте өңір ЖІӨ көлемі, инвестиция көлемі, орташа жалақы мөлшері, тауарайналымы үлесінде мұнай және газ экспортының көлемі бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Келесі бір рейтингке тоқталсақ, 2016 жылғы Whiteshield Partners ұйымы Орнықты даму мақсаттары және Қазақстан өңірлерінің өндірістік мүмкіндіктеріне қарай дамуы тақырыбындағы зерттеуінде территориялық даму және жаңа 2030 орнықты даму мақсаттарын орындау мүмкіндіктерін бағалау жүргізілді. Қазақстан үшін тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің қиындықтары ретінде ОДМ №3,4,5,8,9,10 мақсаттары айқындалды[24].

Экономикалық күрделілік индексі есептеу нәтижелерімен шикізаттық тәуелділік негізінде өңір экономикасы орнықсыз деп бағаланды, сәйкесінше экономиканы әртараптандыру шараларының маңыздылығы келтірілді.

ОДМ №3,4,5,8,9,10 мақсаттары бойынша рейтингіне сәйкес Атырау облысы 100 баллдан 32,8 баллмен 11 орынға ие болды. Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау көрсеткіштері бойынша төмен көрсеткіштерге ие. Зерттеу нәтижесінде өңір «құтқару» аймағындағы өңір деп танылды (өңірлер «құтқару», «саяси реформалар», «инновацияны дамыту», «құрылымдық реформалар» 4 топқа бөлінді).

Зерттеушілер аймақ әлеуетін арттыруда ҒЗТҚЖ, инновациялар мен өнімділік деңгейіне мән беру арқылы тік саясат моделін ұстануды кеңес етті.

Алайда, бұл рейтингтер өңірдің орнықты дамуының толық сипаттамасы емес, осы ретте орнықты даму индекстері өңірдің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңгерімділігі тұрғысынан кешенді бағалау әдістемесі болып саналады.

Осы ретте, жалпы өңірді дамыту бағдарламалары өңірдің осы аталған үш компоненттің теңгерімділігі тұрғысынан дамуын қамтамасыз ете алады ма деген сауалға, құжаттарды талдау арқылы жауап берсек, өңірлік бағдарламаларды кешенді сипаттама, өңірдің орнықты дамуын бағалау, орнықты стратегия жоқ деуге негіз бар. Өңірді дамыту бағдарламаларының өңірдің кешенді дамуын қамтамасыз ету, орнықты дамуын бағалау тұрғысынан құжаттардың салыстырмалы сипаттамасы б-кестеде көрсетілді.

Кесте 6 – Өңірді дамыту бағдарламаларының салыстырмалы сипаттамасы

Облыстық әлеуметтік экономикалық даму болжамы 2022 – 2026 жж	2021-2025 облыстың даму бағдарламасы	2021-2025 облысты кешенді дамыту жоспары	Қаланың даму стратегиясы	Ауыл-ел бесігі
Ортамерзімді және ұзақмерзімді перспективада Орнықты дамуын (экологиялық, экономикалық, әлеуметтік теңгерімді дамуын) бағаламайды, оның ішінде сын-қатер, мүмкіндіктер мен тәуекелдер				
Ұзақ мерзімді қаржылық болжамдау жоқ				
Орнықты даму мақсаттарын толық қамтымайды				
Өзара байланыс жоқ құжаттарда				
Жыл сайынғы негізде ауыспалы сипатта	391 іс-шара мониторингі, 23 индикатор	187 іс-шара 3 индикатор	2050 жылға дейігі даму болжамдары	2025 жылға дейінгі инфрақұрлымдық даму
Бағалау жүргізілмейді	Қайталантын іс-шаралар		Мониторинг тетіктері нақтыланбаған	Экологиялық әлеуметтік, экономикалық даму параметрлері болжанбаған, кешенді сипатталмаған,
Есептеу әдістемесі бекітілмеген, жобалардың тиімділігін әсерін бағалау тетігі жоқ	Тиімділігіне жүргізілмейді, индикаторлар орындалысына, сандық көрсеткішіне жүргілідеді, әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері бағаланбайды	Бағалау нақты орындалыс бағалау өңірдің	Қаланың экологиялық әсерлерінің болжамды есептеулері келтірілмеген	Өңірлік стандарттар жүйесімен өзара байланыс әсері мен тетігі нақтыланбаған ауылшаруашылығы әлеуетінің даму әсері есептелмеген

Ескертпе-нормативтік құжаттар негізінде автормен құрастырылды [22; 25;26; 27; 28]

Орнықты даму мақсаттарының бекітілген өңірлік деңгейде қалыптастырылған нысаналы индикаторлары бойынша мониторинг жүргізсек [13] өңірдің әлеуметтік сипаттағы көптеген көрсеткіштері бойынша жетілдіруді, стратегиясын айқындау қажет маңызды мәселелер бар. Оның ішінде, жұмыспен қамту, ауылдық елді мекендердегі тұрмыс деңгейі, денсаулық сақтау, білім беру, қоршаған орта, экономиканы әртараптандыру мәселелері:

**Мақсат №1. Кедейлікті оның барлық нысандарында жаппай жою**

Сатып алу қабілеттілігінің тепе-теңдігі бойынша табысы күніне 1,9; 3,2; 5,5 АҚШ долларынан кем халық өңір бойынша анықталмаған.

Күнкөрістің ең төменгі мөлшерінен төмен табысы бар халық үлесі өңірде 3,3%-ды құрайды және соңғы 3 жылда осы санаттағы халық үлесі 0,5%-ға өскен. Өңірлер бойынша ең төменгі көрсеткіш Нұр-Сұлтан қ.(1,5%), Атырау (3,3%) және Қарағанды (3%) облыстары бойынша.

Алайда, ауылдық елді мекендерде қалалық жермен салыстырғанда табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен халық үлесі жоғары - 6,4% құрайды.

Үй шаруашылықтары шығыстарында азық-түлік тауарлар шығысының үлесі - 57,8%, азық-түлік емес тауарларының үлесі – 19,2%, ақылы қызметтер үлесі – 12,6%. Облыс бойынша 2021 ж.жылдық мәліметіне сәйкес халықтың орташа жан басына шаққандағы шығыстар көлемі ақшалай табыстар көлемінің 94%-ын (қала-96%, ауыл-91%) құрайды.

Бұл ретте, БҰҰ классификаторы бойынша үй шаруашылықтары шығыстарында азық-түлік тауарлар шығысының үлесі 50-60% – бұл өмір сүру деңгейі төмен ретінде саналады, сәйкесінше өңір «тұрмыс деңгейі төмен» санатындағы өңір болып есептеледі. Мамандардың пікірінше бұған себеп мұнайлы өңірлерде азық-түлік белдеуінің болмауына байланысты импорттық өнімдерге жоғары тәуелділік есебінен бағаның әсері [29]

Жері бар ересек халық үлесі (меншік иелері және жер пайдаланушылар саны) өңірде 1,43%-ды құрайды және 2012-2019 жылдармен салыстырғанда 47%-ға азайған. Алматы (11,12%), БҚО (10,11%), Түркістан (7,58%), ШҚО (8,74%) бойынша жері бар ересек халықтың үлесі жоғары.

**Мақсат №2. Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға жәрдемдесу**

2015 жылғы бір реттік мультикластерлік зерттеуге сәйкес, 5 жасқа дейінгі балалардың бойының өсіуіндегі кідірістің таралуы: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы белгілеген балалардың өсу нормаларына сәйкес бала жасына медианалық бой көрсеткішінен орташа квадраттық ауытқу, <-2) - 11,8%-ды құрады, бұл өңірлер бөлінісінде ең жоғары көрсеткіш болып саналады (Қостанай-11,4%, Қызылорда-10%, ОҚО-11,4%), ал, толыққанды емес тамақтанудың таралуы, салмақ көрсеткішінен орташа квадраттық ауытқу, >+2 немесе <-2) – 14,7%-ды құрады, бұл өңірлер бөлінісінде жоғары көрсеткіш болып саналады (Алматы қ.-21,6%, Нұр-Сұлтан қ.-16,2%, Қостанай-12,5%).

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 9,6 млн.теңгені құрайды және өңірлер бөлінісінде ең жоғарғы көлем болып саналады. Соңғы 5 жылда 1,8 есеге, 10 жылда 8 есеге ұлғайған.

### **Мақсат №3. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жаста барлығының амандығына жәрдемдесу.**

Ана өлімінің коэффициенті бойынша өңірде 2016 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің нашарлауы байқалады, 2016 жылы 100 мың тірі туылғанға шаққанда коэффициенті 30,1-ді құраса, 2020 жылы 50,6 деңгейінде анықталды. Орташа республикалық көрсеткіштен 14,1 коэф.ке жоғары болып отыр. 2020 жыл қорытындысымен ең төменгі көрсеткіш – Павлодар облысы бойынша (16,3), ең жоғарғы – Қостанай облысы (94,4). Жалпы 10 жыл бұрынғы деңгейден коэфф 2,5 есеге артса, оның ішінде қала халқы бойынша 3,5 есе артса, ауыл халқы бойынша 50 пайызға төмендеген.

Қала бойынша білікті медицина қызметкерлерімен қабылданған босанулар үлесі 100 пайызды құраса, ауылдық жерлерде 2016 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға төмендеп, 99,7 пайызды құрайды. Алматы қ., Ақтөбе, Түркістан облыстары бойынша ауылдық жерлерде білікті медицина кадрларымен қабылданған босанулар үлесі 100 пайызды құрайды.

Бес жасқа дейінгі балалар өлімінің коэффициенті бойынша өңірде соңғы 3 жылда көрсеткіштердің жақсару қарқыны байқалады, 2018 жылы - 12,68, 2020 ж - 10,39. Бұл ретте, қала халқына қарағанда (10,14) ауыл халқы бойынша көрсеткіш жоғары (10,68) болып отыр. Жалпы, соңғы 10 жылда көрсеткіш 50 пайызға төмендеген.

Неонатальдық өлім коэффициенті бойынша республикалық орташа көрсеткіш мың туғанға 4,8 деңгейінде болса, өңірлер бойынша ең жоғары теріс көрсеткіш Атырау облысы бойынша – 7,11 (қала – 8,10; ауыл – 5,94).

Өзін өзі өлтіруден көз жұму көрсеткішінің, 100 мың адамға, 2015 жылдан төмендеу – оң динамикасы байқалады (2015 ж. – 18,37; 2020 ж.-9,83). Алайда, қалалық жерлерде көрсеткіш – 8,45 болса, ауылдық жерлерде – 11,48 және сәйкесінше соңғы 3 жылда ауыл халқы бойынша теріс мәнде өсім байқалады. (2018 ж – 9,35; 2020 ж. – 11,48).

Жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде қаза болу, 100 мың адамға, республика бойынша – 11,38. Облыстық көрсеткіш өңірлер арасында жоғары көрсеткішті өңірлер санатында - 14,59, Алматы - 16,45, Жамбыл - 15,07, Түркістан - 16,35. соңғы 3 жылда қала халқы бойынша қаза болу фактісі азайса (2018 ж.-16,17, 2020 ж. - 9,01), ауылдық жерлерде фактілердің артуы байқалады (2018 ж.-16,03, 2020 ж. - 21,27).

Қауіпсіз су, қауіпсіз тазалық сақтау және гигиенаның болмауынан (барлығы үшін сумен қамсыздандыру, санитария және гигиена саласындағы қауіпсіз қызметтердің болмауынан (СҚСГ) қаза табу көрсеткіші (100 мың адамға) – 0,46 (қала-0,28; ауыл – 0,68). Орташа республикалық көрсеткіштен 0,82 коэффициентке төмен, алайда соңғы 3 жылда көрсеткіштің теріс мәнде өсуі байқалады. Абайсыз улау салдарынан қаза табу көрсеткіші бойынша өңірлер арасында ең төмен - оң көрсеткіште [13].

Өңірдің денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер бүгінгі күні ана мен бала өлімінің өсуі болып табылады. Ана өлімінің негізгі проблемалары: бірқатар әлеуметтік-биологиялық факторлардың әсерімен негізделген, ең алдымен өңірдегі нәресте мен ана өлімінің көрсеткіштеріне әсер ететін аналар денсаулығының төмен индексі; Бала өлімінің негізгі себептері: - перинаталдық кезеңдегі кейбір себептер; - туа біткен даму ақаулары; - жұқпалы-паразиттік аурулар. Зейнетақы алдындағы және зейнеткерлік жастағы жұмыс істейтін дәрігерлердің жоғары үлесін күрделендіретін дәрігерлердің жетіспеушілігі [22; 26].

Денсаулық сақтау саласында білікті мамандардың жетіспеушілігі аса өткір тұр. Бұдан басқа, ауруханалар мен емханаларды жаңғырту, жарактандыруды арттыру, зертханалар ашу, талдау сапасын арттыру қажет.

Денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды шешу үшін арнайы мамандардың қызметтерін алу, қабылдауға онлайн жазылу бөлігінде медициналық қызметтерді алу тәртібін өзгерту және қызмет көрсету сапасын арттыру маңызды.

Денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында шетелдік мамандарды шақыру, оның ішінде күрделі операциялар жүргізу практикасын енгізу ұсынылады.


Жалпы өңірде көптеген ауру түрлері бойынша теріс көрсеткіштер байқалады [30]. 13;14-суреттерде 2016-2020 жылдары өңірдегі тыныс алу жолдары ауруларының өңірлер бөлінісіндегі жоғары көрсеткіштері мен өлім динамикасы келтірілген. Сонымен қатар, 7; 8-кестелерден және 15-суреттен өңірдегі қатерлі жаңа өскін сырқаттанушылығы мен іштен ауытқулармен туу көрсеткіштерінің теріс сипаттағы серпіні мен өңірлер арасындағы жоғары үлесін байқауға болады.



13-сурет – Атырау қаласындағы әлеуметтік маңызды аурулардың динамикасы

Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [30]






14-сурет – Туберкулезбен сырқаттанушылық халықтың 100 000 адамына шаққандағы ауырғандар саны  
Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [30]

Кесте 7 – Қатерлі жаңа өскін сырқаттанушылығы, халықтың 100 мың адамына шаққандағы ауырғандар саны

өңірлер	2016-2020 жж %	өңірлер	2016-2020 жж %
<b>Қазақстан Республикасы</b>	84%	Қызылорда	100%
Ақмола	85%	Маңғыстау	75%
Ақтөбе	96%	Оңтүстік Қазақстан	74%
Алматы	92%	Павлодар	87%
<b>Атырау</b>	<b>102%</b>	Солтүстік Қазақстан	91%
Батыс Қазақстан	88%	Шығыс Қазақстан	86%
Жамбыл	88%	Нұр-Сұлтан қаласы	80%
Қарағанды	82%	Алматы қаласы	68%
Қостанай	88%	Шымкент қаласы	87%

Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [30]



15-сурет – Қатерлі жаңа өскін сырқаттанушылығы динамикасы  
Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [30]

## Кесте 8 – Іштен ауытқулармен туу көрсеткіші

іштен ауытқулармен туу (өсіп-жетілу кемістігі), деформациялар мен хромосомдық бұзылулар	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
	355	441	339	407	435	423	417	392	544	520
	2011	2012	2013	2014	2015					
	712	558	551	593	782					

Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [30]

Облыста медицина саласында кадр жетіспеушілігі бар. Ауқымды қаржыландыру көлеміне және аймақта білім гранттарын бөлу шараларына қарамастан мәселер толықтай шешілмеуі жергілікті атқырушы органдар тарапынан ұзақ мерзімді кадрлық болжамдар мен сәйкесінше алдын ала шаралар ұйымдастырымауы салдарынан деуге негіз бар.

**Мақсат №4. Ауқымды және әділетті сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығы үшін бүкіл өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу.**

2018 жылы 15 жастағы мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында жүргізілген PISA нәтижелеріне сәйкес оқу сауаттылығының ең төменгі деңгейіне қол жеткізген орта мектепті бітірген балалар мен жастардың үлесі – 16, бұл өңірлер бойынша ең төмен көрсеткіш, ҚР бойынша орташа көрсеткіш – 35,8. Есептеудің (математикалық сауаттылықтың) ең төменгі деңгейіне жеткен орта мектепті бітірген балалар мен жастардың үлесі – 31, өңірлер бойынша ең төмен көрсеткіш, ҚР бойынша орташа көрсеткіш – 51.

2015 жылғы бір реттік мультикластерлік зерттеуге сәйкес, денсаулығы, оқуы және психоәлеуметтік салауаттылығы жағынан бұзылмай дамитын бес жасқа дейінгі балалардың үлесі – 82%-ды құрайды, республикалық орташа көрсеткіштен 3,5%-ға төмен.

15-24 жас аралығындағы жастардың ақпараттық-коммуникация дағдылары бар жастардың/ересектердің үлесі республика бойынша 2020 жылы 31,7% құраса, облыс бойынша – 33%. Қоғамға пайдалы қызметке тартылған ТЖКБ ұйымдарында оқитындар үлесі -52,7% (2018 ж).

Оқу мақсатында интернет қызметтерімен қамсыздандырылған мектептер үлесі- 97%, жылы және аулаішілік дәретханалары бар мектептер үлесі-51,4%; Педагогикалық білімі бар мектепке дейінгі мекемелердегі педагогтардың үлесі – 97,3%.

Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған мектептердің үлесі өңірде 71,3% (ҚР-74,8%).

**Мақсат №5. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту**

Басқарушы лауазымдағы әйелдер үлесі - 35,8% (ҚР-41,1%), қалада-30,4%., ауылда-52,6%, жас ерекшеліктері бойынша жоғары үлесі: 16-24 жастағылар – 73,3% және 25-28 жастағылар - 55,9%.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді алған әйелдердің үлесі – 0,81% (ҚР-1,57%), өңірлер арасында БҚО (6,22%), ШҚО (3,71%), Алматы (3,12%) бойынша жері бар әйелдердің үлесі жоғары.

6 жастан асқан ұялы телефоны бар адамдардың (ұялы телефон иелері) үлесі өңірде – 86,6%, (бұл ретте, 90%-дан төмен өңірлер- Түркістан-86,7%, Қостанай-89,2%, Шымкент-88,7%, Қызылорда-84,7%, Жамбыл-83%).

**Мақсат №6. Су ресурстары мен санитарияның барлығы үшін болуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету**

Өткізілген ақаба сулардың жалпы көлеміндегі толық биологиялық тазарту жолымен тазартылған ақаба сулардың үлесі (толық тазартуды қоса алғанда) -39% (ҚР-73,4%). Қауіпсіз тазаланатын ақаба сулардың жоғары үлесі Нұр-Сұлтан қ.-100%, БҚО-99,7%, Алматы қ.-98,1%, Ақтөбе-96,1%, Қызылорда-95,2% облыстары бойынша. Судың сапасы жақсы су объектілерінің үлесі-16,7%.

**Мақсат №7. Қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздерінің барлығы үшін жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету**

Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жанартылатын энергия көздері өндірген электр энергиясының үлесі өңірде 3%-ды құрайды (ҚР бойынша үлкен СЭС-ын есепке алғанда-11%, есепке алмағанда-3%).

**Мақсат №8. Барлығы үшін алға бағытталған, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмысбастылыққа және лайықты жұмысқа жәрдемдесу**

2020 жылы халықтың жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсу қарқыны 2005 жылға– 195,6%. Ал, әрбір жұмыспен қамтылғанға нақты ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсу қарқыны-94,1%.


Жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы бейресми жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2020 жылы 6,5%-ды құрайды. Салыстырмалы түрде өңірлер бөлінісінде аса жоғары көрсеткіш емес және 45-54 жас аралығындар бойынша көрсеткіш жоғары – 8,2-8,4%. Сонымен қатар, қала халқымен (4,9%) салыстырғанда ауылдық жерлерде үлесі жоғары – 8,3%. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы өнімсіз жұмыспен қамтылғандардың үлесі-0,5%. Салыстырмалы түрде өңірлер бөлінісінде ең төмен көрсеткіш және жоғары көрсеткіш 16-28 жас аралығындар бойынша – 0,7%. Кәсіпорындардың іріктемелі зерттеулеріне сүйенсек, жұмыскерлердің орташа сағаттық жалақысы өңірде – 1 967 теңге, өңірлер бойынша ең жоғары көрсеткіш (ҚР – 1 187 тг, ең төмені Жамбыл обл. – 829 тг). Ерлермен салыстырғанда әйелдердің орташа сағаттық жалақысы 40%-ға аз.

Жұмыссыздық деңгейі 2020-2021 жж. – 4,9% деңгейінде (қала - 4,8%, ауылдық - 5%), 2019 жылмен салыстырғанда 0,1%-ға өскен. Жұмыссыздықтың жоғары көрсеткіші 29-34 жас аралығындағылар бойынша байқалды, 8,7% деңгейінде. 15-24 жас аралығындағы оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастар үлесі-5,3%-ды құрайды. 2010-2014 жж деңгейімен салыстырғанда соңғы жылдары осы санаттағы жастар үлесі артқан (2010 жж. – 3,5%; 2015-2017 жж – 7-7,2%). Оның ішінде әйелдер үлесі жоғары – 6,5% (ерлер – 2,7%). Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы 15-17 жастағы балалардың үлесі өңірде 0,1% (ауыл халқы-0,3%, қала-0) [13].

Облыс халқының саны тәуелсіздік жылдары 1,5 есеге артты (52%-ке).

Аумақтың соңғы 5 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне жасалған статистикалық талдауға сүйенсек, көптеген көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Облыс халқының саны соңғы 5 жылда жыл сайынғы 2%-дық өсіммен 8%-ға өскен, туылғандар саны сәйкесінше 8%-ға өскенімен, туылғанда күтілудегі өмір ұзақтығы жасы 2016 жылмен салыстырғанда 2%-ға төмендеген [31].

Алайда, көші-қон айырмасы 2018-2020 жылдар аралығында теріс көрсеткішке ие болғандығын 16-суреттен байқауға болады.



16-сурет – Көші-қон көрсеткіштері

Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [31]

2020 жылғы жұмыссыз халықтың саны 16,2 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 4,9% деңгейінде қалыптасты [32]. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, жұмыссыз халық санының артуы байқалады: 2016 ж – 15 391 адам болса, 2020 жылы - 16 217 адамды құрап, 5,3 пайызға артқан, жұмыссыздық деңгейінің аталған аралықта орнықты түрде 4,9 пайыздық деңгейде сақталуына қарамастан, жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп келген азаматтардың саны, 2016 жылы 19 745 адамнан 2020 жылы 33 063 адамға дейін 67 пайызға өскен. Жұмыспен қамту органдары жұмысқа орналастырған азаматтардың саны аталған кезеңде өсімді көрсетеді, алайда жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп келген азаматтардың жыл сайын шамамен 60 пайызға жуығы жұмыспен қамтылуда. Жыл сайынғы құрылған жұмыс орындарының оң динамикасына қарамастан жұмыссыздар санының арту көрінісі 17-суретте салыстырмалы түрде келтірілген.



17-сурет – 2013-2020 жж жұмыссыздар мен құрылған жұмыс орындары саны

Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [32]

Жалпы жұмыссыздар санынан қала халқы 8,8 мың адамды (54,2%), ауыл халқы – 7,4 мың адамды (45,8%), жұмыссыздық деңгейі сәйкесінше 4,8% және 5% құрады. Бұл ретте ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейінің жоғары көрсеткіште екендігін байқаймыз [32].

Жұмыспен қамту саласы бойынша өңірдегі мәселелер;

- Ауылдық жерлерде жұмыс орындарының болмауына және әйелдер вахталық әдіспен жұмыс жасаудан бас тартуына байланысты әйелдердің жұмыспен қамтылу пайызы төмен;

- Ауыл шаруашылығы мен бюджеттік саладағы және мұнай-газ саласындағы еңбекақыларының айырмашылықтары;

- Мұнай сервистік компанияларда жұмыс көлемі азаюына байланысты жұмыссыздық деңгейінің көтерілуі қаупі.

- жастар жұмыссыздығы;

- уақытша жұмыс орындарының жоғары үлесі.

2020 жылы «Стратегия» КММИ» қоғамдық қоры бірнеше ірі зерттеулер жүргізді [33]. 2020 жылдың қазан айында Атырау облысындағы халықты жұмыспен қамту туралы сұраққа берілген жауаптар келесідей тараған:

Жұмыспен қамтылғандар саны іс жүзінде біздікімен сәйкес келетінін көріп отырмыз – 58% (бізде 56%), жұмыссыздар – 15% (бізде 33%), өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 5% (бізде 10%). Әлеуметтік сауалнамаға қатысқандардың қалған 22%-ын зейнеткерлер, студенттер, студенттер, үй шаруасындағы әйелдер құрайды.

Атырау облысында «мен жұмыссызмын» деп жауап бергендердің саны айтарлықтай көп, шамамен 15% деңгейінде екені байқалған. Бұл басқа облыстармен салыстырғанда өте жоғары көрсеткіш. Себебі, салыстырмалы түрде, Ақтөбе облысында мұндай жауаптардың 6 пайызы, БҚО-да 7 пайызы анықталған.

Мамандар пікірінше жұмыспен қамтудың арнайы статистикасын алатын болсақ, ол социологиялық статистикадан мүлде бөлек [33]. Аталған зерттеуде халқытың 15 пайызы жұмыссыз деп отыр. Егер шын мәнінде деңгей соншалықты жоғары болса, мәселе өңір экономикаңыздың құрылымында жатыр. Мұнай саласында өзін таппағандардың көбі басқа жерден жұмыс таба алмайды. Ауыл шаруашылығы нашар дамыған. Сондай-ақ, ресми статистика тек тіркелген адамдарды ғана санайды. Осы ретте өңірдегі жалақы дифференциасы мәселесі де өзекті.

**Мақсат №9. Берік инфрақұрылым құру, ауқымды және тұрақты индустриализация мен инновацияларға жәрдемдесу.**

Жүк тасымалы көлемінің республикадағы үлесі-3,2%, жолаушылар тасымалының үлесі – 0,8%.

ЖІӨ-ге өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚҚ үлесі-4,6% (ҚР-11,6%), 2010-2016 жж салыстырғанда үлестің төмендеуі байқалады. Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің өсуі 2020 жылы өңірде 0,9%-ға төмендеген. 2014 ж., 2016-2019 жж өнімділіктің өсуі деңгейі жоғары болған (107-159%). Өңдеу өнеркәсібінде 2010-2020 жж аралығында 9,2 мың жаңа жұмыс орындары құрылған (жалпы өңірде жылына құрылған жұмыс орындарының 35,7%). Соңғы 5 жылда осы салада 3,3

мың жұмыс орны құрылған, бұл республика үлесінде осы кезең үшін - 4% (ең көп құрылған жұмыс орны Алматы қ. - 15,5%).

ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы ҒЗТКЖ ішкі шығыстары республика бойынша орташа 0,13%-ды құраса, өңірде – 0,07%. 2016-2020 жж аралығында ҒЗТКЖ-ға ішкі шығыстардың ең жоғары үлесі Маңғыстау облысы (аталған кезеңде орташа 0,28%), Алматы (0,26%) және Нұр-Сұлтан (0,22%) қалалары бойынша жұмсалған. ҒЗТКЖ орындаған зерттеуші- мамандардың саны – 683.

### **Мақсат №11. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршендігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету**

Апатты жағдайдағы үйлерде тұратындар саны – 6 007 адам, республика үлесінде – 23,7% және өңірлер арасында ең жоғары көрсеткіш. 2016 жылмен салыстырғанда 22%-ға артқан.

Бір тұратын адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтылу 24,2 шаршы метр (қала халқы – 26,1 ш.м, ауыл халқы – 22,1 ш.м.). және көрсеткіштер орташа республикалық көрсеткіштен жоғары. Бұл ретте өңірлер арасында Нұр-Сұлтан қ. (30,6%), Алматы қ. (29%), Маңғыстау (27,3%) облысы бойынша қамтылудың жоғары көрсеткіштері байқалады.

Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңыздағы жолдар 70%-ды құрайды (республика бойынша орташа көрсеткіш - 80%). Жамбыл (95%), Маңғыстау (95%), Павлодар (90%), Шығыс Қазақстан (89%) облыстары бойынша салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштер байқалады.

Халықты қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі қызметтермен 98%-ға қамтамасыз етілген. Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату үлесі өңірде 21,1%-ды құрайды. Өңірлер бөлінісінде қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату үлесінің жоғары көрсеткіштері Нұр-Сұлтан қ. (75%), Қарағанды (29%), Маңғыстау (28,3%), Павлодар (23,8%), Шымкент (27,2%) облыстары бойынша.

Атмосфералық ауадағы РМ 2,5 өлшенген бөлшектердің орташа жылдық шоғырлануы Атырау қаласы бойынша – 0,088 мг/м<sup>3</sup> (жоғары мөлшер - Ақтөбе - 0,125, Қарағанды-0,152) және РМ 10: Атырау қаласы бойынша - 0,0083 мг/м<sup>3</sup>, Құлсары қаласы бойынша - 0,0021 мг/м<sup>3</sup>. (жоғары мөлшер - Қарағанды, Балқаш - 0,16)

### **Мақсат №13. Климаттың өзгеруімен және оның салдарларымен күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау**

Табиғи сипаттағы апаттан қаза болған және жарақат алғандар жағдайы соңғы рет 2012-2013 жылдарда тіркелген.

Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ТжКБ ұйымдарындағы білім алушылардың үлесі- 38,3%


Облыстағы экологиялық ахуал ластаушы заттардың көлемі көрсеткіші бойынша өткен жылдың деңгейінде қалып отыр. Бұл орайда, жабдықтарды жаңғырту және технологиялық процесстер есебінен ірі кәсіпорындармен шығарындылардың көлемін азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, ғылыми зерттеу және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар көлемі аз. Өңірлер бөлінісінде 2016-2020 жж Атырау өңірі бойынша ғылыми зерттеу және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар көлемінің төмен үлесі 9-кестеде нақты көрсетілген. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғауға

бағытталған инвестиция көлемі мен ғылыми зерттеу жобаларына жұмсалған шығындар бойынша өңірдің жеткіліксіз қаржыландыру көрсеткіштері 18-суретте келтірілді.

Кесте 9 – 2016-2020 жж ғылыми зерттеу және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар көлемі

Ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар	ҒЗТҚЖ-ға ішкі шығындар, барлығы мың теңге	Жаратылыстану ғылымдары бойынша ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар	ҒЗТҚЖ-ға ішкі шығындар, барлығы мың теңге
<b>Қазақстан Республикасы</b>	14 734 324,90	Ақмола	103 807,2
Ақмола	1 441 496,10	Ақтөбе	101 871,4
Ақтөбе	72 621,00	Алматы	266 437
Алматы	918 289,00	Атырау	9 220,4
Атырау	87 096,60	Батыс Қазақстан	24 696,1
Батыс Қазақстан	1 177 337,30	Жамбыл	3 426 860,2
Жамбыл	463 746,80	Қарағанды	1 842 247,5
Қарағанды	197 175,00	Қостанай	341
Қостанай	855 003,60	Қызылорда	31 683,7
Қызылорда	292 760,10	Маңғыстау	425 973,1
Павлодар	41 171,60	Павлодар	89 158
Солтүстік Қазақстан	151 201,20	Солтүстік Қазақстан	132 411,6
Түркістан	107 124,00	Түркістан	341 310,8
Шығыс Қазақстан	633 893,70	Шығыс Қазақстан	551 995,1
Нұр-Сұлтан қаласы	3 076 424,00	Нұр-Сұлтан қаласы	2 988 451,1
Алматы қаласы	4 876 056,90	Алматы қаласы	21 312 018,1
Шымкент қаласы	342 928,00	Шымкент қаласы	58 500,8

Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [33]



18 - сурет – Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестиция көлемі


Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [33]

**Мақсат №14. Мұхиттарды, теңіздерді және теңіз ресурстарын тұрақты даму мүдделерінде сақтау және оңтайлы пайдалану**

ЖІӨ-де "Балық аулау және акваөсіру" үлесі – 0,2%. (2013 ж.-0,5%, 2015-0,4%, 2016-2018 жж.-0,3%)

Балық шаруашылығы саласында өңірде браконьерлік туралы 244 бұзушылықтар анықталған (2014 жылмен салыстырғанда 90%-ға азайған), 8,3 млн.теңге айыппұл салынған (2018 ж.деректер).

2010 жылмен салыстырғанда 2020 жылы Жайық өзенінде балық қоры 2 есеге азайған. Сонымен қатар, өңірде балық өлу фактілері соңғы жылдары жиі анықталуда. Ал балық аулау көлемі артқан. Осы ретте, балық қорын сақтау мақсатында осы бағыттарда зерттеу жұмыстарын жүрізу маңызды. Жайық өзені бойынша соңғы 10 жылда балық қорының азаю деңгейі 19-суретте көрсетілді.



19 - сурет – Балық ресурстарының қоры мың тонна  
Ескертпе-статистикалық көрсеткіш негізінде автормен құрастырылды [34]

**Мақсат №15. Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және олардың оңтайлы пайдаланылуына жәрдемдесу, ормандарды оңтайлы пайдалану, шөлейттенумен күрес, жердің азу үдерісін тоқтату және кері бұру және биоәртүрлілікті жоғалту үдерісін тоқтату**

Құрлықтың жалпы алаңына пайыздық қатынастағы ормандар алаңы-0,2%, Ақтөбе және Атырау облыстары бойынша орман аландарының үлесі ең төмен мөлшерде – 0,2% көлемінде. Тозған жерлердің ауданы ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы ауданына пайыздық қатынаста 3 133,9 мың гектарды құрайды.

**Мақсат №16. Тұрақты даму мүдделерінде бейбіт және ашық қоғамның құрылуына жәрдемдесу, барлығы үшін сот әділдігіне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беруге міндетті және кең қатысуға негізделген мекемелерді құру**

2015 жылғы бір реттік мультикластерлік зерттеуге сәйкес, соңғы ай ішінде ата-аналар мен/немесе қамқоршылардың психологиялық агрессияға немесе физикалық жазалануға ұшыраған 1-14 жас аралығындағы балалар үлесі - 50%. Бұл өңірлер арасында салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіш болып есептеледі.



**Мақсат №17. Орнықты даму мүдделеріндегі жаһандық әріптестіктердің шектерінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру**

2020 жылғы деректерге сәйкес ғаламторды пайдаланатын халық үлесі өңірде 80,7%, бұл, салыстырмалы түрде өңірлер арасында ең төмен көрсеткіш. Республика бойынша орташа – 88,2%, қалада-90,1%, ауылда-85,5% [13].

2016-2020 жылдардағы орнықты даму индикаторлары бойынша талдауға сүйенсек [34], 7 индикатор бойынша 2016-2020 жылдар аралығында көрсеткіштердің оң қарқыны байқалса, 19 индикатор бойынша көрсеткіштер төмендеген. 4 Индикатор бойынша бірқалыпты деңгей. Жалпы өңірлік деңгейдегі индикаторлар бойынша төмен үрдістер байқауға болады. Оның ішінде, басым бөлігі әлеуметтік салада, одан кейін экология бойынша көрсеткіштердің төмен дәрежесі байқалады. Сондай-ақ, ОДМ индикаторлары нәтижелерінен байқағанымыздай, өңірдің денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылым, жұмыспен қамту салаларында проблемалық мәселелер бар. 4.5-міндет. *2030 жылға қарай білім беру саласындағы гендерлік теңсіздікті жою және халықтың осал топтары, оның ішінде мүгедектер, тұрғылықты халықтар мен осал жағдайдағы балалар үшін барлық деңгейдегі білім мен кәсіптік-техникалық дайындыққа тең қол жеткізуді қамтамасыз ету* міндеті бойынша «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағдай жасаған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі» индикаторы бойынша Атырау облысы бойынша ең төмен көрсеткіште, апатты жағдайдағы үйлерде тұратындар саны мен ана өлімінің коэффициенті бойынша да өңір теріс көрсеткіштер байқалады.

Алайда, қалыптастырылған өңірлік Орнықты даму көрсеткіштері индикаторлар жеткіліксіздігінен өңір деңгейінің Орнықты дамуын толық сипаттамайды. Бұл ретте, өңірлік деңгейде статистика толық қалыптастырылмаған.

Жоғарыда аталған мәселелердің кейбірі Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында алдағы бесжылдықта шешілуі қажет өңірлік өткір проблемалар ретінде айқындалған: 1) өңірдегі тұщы су көздерінің тапшылығы; 2) тұрғын үй кезегінде тұрғандар санының көбеюі; 3) өңірдің өзекті экологиялық проблемалары, сарқынды суларының булану алаңдарын рекультивациялау; 4) Жайық және Қиғаш өзендерінің сулылығын арттыру және гидрологиялық режимін жақсарту; 5) су құбыры желілерінің тозуы, Жайық өзенінің таяз болуы, сүзгі станцияларының тозуы және су тапшылығы; жерасты көздерінің сарқылуы; 6) электр желілеріндегі авариялар; 7) ана мен бала өлімінің өсуі. 8) үш ауысымды оқыту проблемалары; 9) спорттық инфрақұрылымды, әсіресе облыстың ауылдық жерлерінде дамыту мәселесі; 10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі психоневрологиялық орталықта кезекте тұрған психоневрологиялық аурулары бар адамдар санының өсуі. Кешенді жоспарда жоғарыда аталған мәселелерді шешу бойынша іс-шаралар жасақталып, оларды жүзеге асыруға қаржыландырудың барлық көздерінен шығыстар көлемі барлығы 8 983 573,0

млн.теңгеге (2021 ж.- 3 052 254,9 млн.теңге 2022 ж.- 2 227 661,8 млн.теңге 2023 ж.- 1 629 017,1 млн.теңге 2024 ж.- 937 577,4 млн.теңге, 2025 ж.-1 137 061,9 млн.теңге) жоспарланған [26].

Сондай-ақ, ОДМ-ның индикаторлары мен бағыттары Кешенді жоспарда да толықтай қамтылмаған. Облыстың кешенді даму жоспарының ОДМ-мен қамтылу деңгейін 10-кестеде әр мақсат бөлігінде келтірілді.

Кесте 10 – Кешенді жоспардың ОДМ-ның индикаторлары мен бағыттарына сәйкейстігі

ОДМ №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
%		20	6	10		22	10	11	19		19			9	3		

Ескертпе-нормативтік құжаттар негізінде автормен құрастырылды [13; 26]

Өңірдің экономикалық тұрғыдан дамыған әлеуетін сипаттау мен тұрғындардың өңірге бере бағасы тең емес. Тұрғындар үшін өңір имиджінің қандай бейнеде екенін зерттеулерге сүйене отырып айқындасақ, 2018 және 2020 жылдары «Urban Forum Kazakhstan» қоғамдық қоры «Шеврон» компаниясының қолдауымен Атырауда екі сандық зерттеу жүргізді. Атырауда тұрудың артықшылықтары туралы сұраққа жауап бере отырып, көбінесе салыстырмалы түрде жоғары жалақысы бар жұмыс табу мүмкіндігі айтылды, бірақ Атырауда тұрудың артықшылығын таппаған респонденттер де табылған және респонденттердің көпшілігі Атыраудан көшуді жоспарлап отырған. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігі ғана Атырауда тұруды жалғастыруға ниетті екенін айтқан [35].

Келесі бір сауалнамаға тоқталсақ, қаланың 2050 даму стратегиясын жасақтау барысында жүргізілген халықтың сауалнама қорытындысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалану мәселелері қала тұрғындары үшін ең өткір мәселелердің бірі болып табылады [27].

Қала тұрғындары үшін бірінші кезектегі мәселе қаладағы қоршаған ортаның жағдайы болып табылады. Қала тұрғындары өндіріс тарапынан қоршаған ортаға зиян келтіру, ластаушы заттардың шығарындылары, АМӨЗ-де мұнай қоспаларын жағу, қалдықтарды қауіпсіз өңдеу, сондай-ақ Астрахань-Атырау трассасында орналасқан булану алаңдары мәселелері ерекше алаңдаушылық туғызады. Сонымен қатар, өзеннің жағдайы, оның тайыздануы, ондағы флора мен фаунаның жай-күйі, сондай-ақ су ресурстары қорының проблемасы өзекті мәселелер болып отыр. Сары масаларды жою мәселесін шешуді талап етеді.

Сұралған тұрғындардың Атырау қаласының қазіргі жай-күйін бағалау бір ойдан шықпайтынын көрсетті. Бір жағынан, «болашақ қаласы», «перспективалы», «әдемі», «дамып келе жатқан», «таза» деп сипаттайтын жауаптар алынды. Екінші жағынан, теріс көзқарас бар – «кішкентай әрі сұр» және «мұнай астанасының мәртебесіне сай емес» қала. Бұл теріс көзқарас қазірдегі проблемаларға байланысты туындап отыр, атап айтқанда: жасыл

кеңістіктің болмауы, бос уақыт өткізу орындарының болмауы. Қаланың экологиялық ахуалы тұрғындардың ерекше алаңдаушылығын туғызады. Қаланы абаттандыру мәселесі де бар. Қала тұрғындары салынып жатқан объектілерге қатысты наразылықтары бар – экологиялық талаптар сақталмайды, бұл қоршаған ортаның ластануына әкеп соғады.

Сауалдама қорытындысы бойынша қала тұрғындары үшін әлеуметтік сала мәселелері өзекті болып табылады: білім беру, денсаулық сақтау, сонымен қатар экология, кәсіпкерлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және қаланың бюджеттік жоспарлау мәселелері.

Сәулет және құрылыс, спорт, қаланы бюджеттік жоспарлау, көлік мәселелері қатты өзекті болмаса да, бірақ маңызды болып табылады.

Білім беру саласында мектептердегі үш ауысымдылық (93%), қаланың жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау сапасының төмендігі (81,4%), мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қолжетімділігі, кезектің жедел жылжуы (81,4%), жазғы кезеңде балалардың демалысы мен сауығуы үшін жағдай жасаудың жеткіліксіздігі (76,7%), орта білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының төмен жабдықталуы (65,1%), қаладағы орта және кәсіптік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының төмен жабдықталуы (53,4%)

Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік органдардың денсаулық сақтау саласындағы жұмысының төмен сапасы (92,6%), медициналық қызметтердің сапасына қанағаттанушылық (88,9%), қаладағы медицина жұмыскерлерінің біліктілігінің төмен деңгейі (83,3%), медициналық қызметтердің төмен қолжетімділігі (75,9%) және т.б. сияқты проблемалар жиі байқалды. [30].

Ал, соңғы зерттеулерге сүйенсек, PaperLab зерттеушілерімен ағымдағы жылы мұнайлы қала жастарының өмірге қанағаттану деңгейіне, жастардың негативті психо-эмоциональды ахуалға бейімділігіне, олардың құндылықтары мен мәдени ұстанымдарына әлеуметтік зерттеу жүргізілген [36].

Зерттеу нәтижесіне сәйкес, жастардың 15% денсаулық мәселелері уайымдатады. Бұл жас адамдарға тән емес жоғары көрсеткіш, сондай-ақ, алаңдататын фактордың бірі - сауалнамадан өткен Атырау жастарының 59% көшуге ниеттері бар. Көші-қонға себептердің 43%-өзін-өзі дамытуға жақсырақ жағдайларға ие болу, 32% экологиялық жағдайы нашар ауданнан көшу [36].

Жалпы, барлық сауалнамалар бойынша түйіндесек, өңір халқы үшін экологиялық ахуал өзекті және қалада тұрақтамау себептері де экологиялық халалдармен байланысты екені байқалады.

Аталған мәселелердің өзектілігі ағымдағы жылы Экономикалық зерттеулер халықтың түрлі топтары мен мемлекеттік қызметкерлер, азаматтық қоғам өкілдерімен өткізілген семинар нәтижесінен байқауға болады [37]. Өңір тұрғындары үшін ОДМ ішінен өзекті мәселелер тізімі және сол мәселелердің ОДМ міндеттеріне сәйкестігі 20 - суретте көрсетілді.

<b>ОДМ басым міндеттері</b>	<b>Өзекті мәселелер</b>
➤ 6.3-міндет – су сапасын жақсарту	➤ Экологиялық мәселелер – ауаның ластануы, су сапасы, жасыл

	<p>желектердің аздығы, қоқыс тастау, балықтардың өлуі</p> <p>➤ Су мәселесі: Жайықтың ауыз су сапасының төмендігі</p>
<p>➤ 10.2-міндет – Халықтың әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді араласуын қолдау</p>	<p>➤ Жастар мәселесі: жұмыссыздық, кедейлік</p>
<p>➤ 7 а-міндет. Зерттеулер мен технологияларға қолжетімділікті жеңілдету мақсатында халықаралық ынтымақтастықты іске қосу</p>	<p>➤ Медицина мен білім беру сапасының төмендігі</p>
<p>➤ 16.5-міндет – сыбайлас жемқорлықты азайту</p>	<p>➤ Сыбайлас жемқорлық</p>

20-сурет – Атырау облысының өзекті мәселелері - тұрғындар пікірінше Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылды [37]

Аталған мәселелер аумақтық даму бағдарламаларында көзделген. 11-кестеден өңірдің даму бағдарламасының негізгі бағыттарынан, әлеуметтік,экологиялық және экономикалық даму бағыттары бойынша қаржыландыру үлесінен негізгі салалық басымдықты байқауға болады.

Кесте 11 – Өңірлік даму бағдарламасының бағыттары және салалық қаржыландыру үлесі

өңірлік даму бағдарламасының бағыттары			
Қаржыландыру көздері/үлесі	Аймақтық экономикалық өсу: экономикалық өсу; өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларын дамыту; АӨК және бизнестің экономикалық белсенділігін арттыру	Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету:жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын құру; денсаулық сақтау көрсеткіштерін жақсарту; білім беру қызметтерінің сапасын арттыру; әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін дамыту; қоғамдық қауіпсіздік;сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Өмір сүру үшін қолайлы және қауіпсіз аймақ: қолжетімді баспана, тұрғын үй құрылысы; сапалы ауыз су, ТКШ инфрақұрылым объектілерін жаңғырту; ергілікті жолдарды жақсарту, коммуникация желісін кеңейту; экологияны жақсарту; ауылдық елді мекендерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету
РБ - 8,4%	14 831,5	12 124,3	129 484,1
ЖБ-6,7%	4 544,5	25 360,1	96 264,0
БК-84,9%	1 515 741,0	48 309,1	25 141,1
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>1 535 117,0</b>	<b>85 793,5</b>	<b>250 889,2</b>
%	82,0%	4,6%	13,4%

Ескертпе-нормативтік құжаттар негізінде автормен құрастырылды [26]

Аталған өңірлік бағдарламалардың салалық және қаржыландыру көздері бойынша қаржыландырудың негізгі үлесін басқа көздер құрайды, үлесі 21-суретте бағдарламалар бөлінісінде нақты көрсетілді.



21-сурет – Өңірлік даму бағдарламаларының қаржыландыру көздері бойынша үлесі

Ескертпе-нормативтік құжаттар негізінде автормен құрастырылды [22; 26]

Сонымен қатар, бюджеттік қаражат есебінен қаржыландыруда негізгі үлесті әлеуметтік саланы дамыту шығындары құраса, экологиялық бағыттағы іс-шаралардың үлесінің төмендігі байқалады. 22-суретте салалар үлесінде қаржыландыру көлемі көрсетілген.




22-сурет – Өңірлік даму бағдарламаларының салалар бөлінісінде қаржыландыру үлесі

Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылды [22; 26]

Жалпы облыстық екі даму бағдарламасы құжаттары бойынша 578 іс-шара, 26 индикатор бойынша мониторинг жүргізіледі.


Аумақтық даму бағдарламаларының жасақталуына азаматтық қоғамды тартудың маңыздылығы осы ретте байқалады. Белсенділер наразылығы, экологиялық шығындардың төмен үлесі азаматтық қоғамды белсенді тарту арқылы тиімді реттелетін механизм. Осы ретте үкіметтік емес ұйым өкілдерінен келесі ОДМ-ның жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын жетілдіру үшін алдыңғы кезекте маңызды шара қандай деген сауалнама нәтижелері 23-суретте көрсетілгендей, үкіметтік емес ұйым өкілдері ОДМ-ын жергілікті деңгейде жүзеге асыруды жетілдіру үшін басым бөлігі қаржыландыру тетіктерін жетілдіру

кажет деп есептейді – 47,8%, өңірлік бағдарламаларды жетілдіру, азаматтық қоғам институттарының белсенділігі маңызды деп – 13%, азаматтық қоғам, бизнес және жергілікті биліктің үшжақты бірлескен іс-қимыл жүйесі маңызды деп санады – 13%, жергілікті атқарушы органның белсенділігі маңызды деп санайды – 13%, халықты ақпараттандыруды маңызды деген пікірді 13% респонденттер білдірді.



23-сурет – ҮЕҰ жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Ал, БҰҰ-мен 2015 жылы қабылданған Жаһандық мақсаттардың Ұлттық деңгейде іске асырылуын өлшейтін Ерікті Ұлттық шолуы жасақталды (2019 ж), ал, 2022 ж екінші Шолу жасақталуда. Сұрақ: ресми шолуларға баламалы түрде Азаматтық қоғам ұйымдарымен ОДМ-ның 17 мақсаты тұрғысынан Өңірдің Орнықты дамуын өлшейтін және меморгандарға шешім қабылдауға ұсынылатын тәуелсіз, сарапшылық Шолулар жасақталуын қолдайсыз ба? деген сауалға үкіметтік емес ұйым өкілдерінен респонденттердің 56,5% тәуелсіз Шолулар жүргізуді қолдаса, 43,5% қолдамайды. Бұл ретте, басым бөлігі сарапшылық дербес шолулар жүргізу бастамасын қолдауы осы механизмді жетілдіруге негіз бола алады. Аталған сауалдың нәтижелері 24-суретте келтірілген.



24-сурет – ҮЕҰ жүргізілген сауалнама нәтижелері  
Ескертпе- сауалнама негізінде автормен құрастырылған [қосымша 4]

Бұл ретте, басым бөлігі сарапшылық дербес шолулар жүргізу бастамасын қолдауы осы механизмді жетілдіруге негіз бола алады.

Бұл ретте, қолданыстағы даму бағдарламаларын жасақтауға үкіметтік емес және ғылыми ұйымдардың өкілдері, білімнің әртүрлі салаларының ғалымдары, бизнес-қоғамдастықтар қажет болған жағдайға ғана тартылады делінген. Сәйкесінше, өңірлік даму бағдарламаларының жұмыс тобы құрамында аталған санаттағы тұлғалардың тартылу үлесі төмен [38].

БҰҰ Резолюциясының 79-81 тармақтарында: «Біз сондай-ақ мүше мемлекеттерді ұлттық және субұлттық деңгейлердегі прогреске тұрақты және жан-жақты шолулар жүргізуге шақырамыз, бұл ретте елдердің өзі осы шолуларға жетекшілік етеді. Мұндай шолулар ұлттық жағдайларға, стратегияларға және басымдықтарға сәйкес жергілікті халықтардың, азаматтық қоғамның, жеке сектордың және басқа да мүдделі тараптардың пікірлерін ескеруі керек. Ұлттық парламенттер, сондай-ақ басқа институттар да бұл үдерістерге қолдау көрсете алады. Аймақтық және субөңірлік деңгейлердегі бақылау және шолу процестері, сәйкесінше, ерікті шолулар, үздік тәжірибелермен бөлісу және жалпы қиындықтарды талқылау арқылы қоса алғанда, «тең-теңіне» оқыту үшін пайдалы мүмкіндіктер бере алады. Осыған байланысты біз өңірлік және өңірлік комиссиялар мен ұйымдардың ынтымақтастығын құптаймыз. Кешенді аймақтық үдерістер ұлттық шолулардың нәтижелеріне негізделеді және жаһандық деңгейде, оның ішінде тұрақты даму бойынша жоғары деңгейдегі саяси форумда бақылау мен шолуды жеңілдетеді. Аймақтық деңгейде қолданыстағы бақылау және шолу тетіктерін пайдаланудың маңыздылығын мойындай отырып және барабар саясат кеңістігін қамтамасыз ету мақсатында біз барлық мүше мемлекеттерді олардың қатысуы үшін ең қолайлы аймақтық форумды анықтауға шақырамыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының Аймақтық комиссиялары осы мәселеде мүше мемлекеттерге көмек көрсетуді жалғастыруға шақырылады делінді [4]. Осы ретте, азаматтық қоғамды ОДМ іске асыруға тарту жергілікті деңгейде ОДМ іске асырылуының тиімді тетігі болып саналады.

## Қорытынды

Жаһандық мақсаттардың елімізде іске асырылуы ұлттық деңгейде қабылданған шаралармен шектелмей, өңірлік деңгейде де институттық негізі қалыптастырылуы тиіс. Себебі, елдің тұрақты дамуы ел өңірлеріндегі тұрақты дамудың тиімді саясаты мен басқарушылық, ұйымдастырушылық шешімдердің іске асырылу тиімділігімен тікелей байланысты.

Талдау барысында анықталғандай, бүгінгі күні өңірлерде орнықты дамудың жаһандық мақсаттарын іске асырудың институттық негізі қалыптастырылмаған.

Орнықты даму мақсаттарын іске асыру бағытында ұлттық негізде қабылданған жекелеген іс-шаралардың өңірлік деңгейде жетілдіруді қажет ететін бағыттары айқындалды. Атап айтқанда, ОДМ-ның 262 көрсеткіштен құралған (ағымдағы кезеңде қалыптастырылған) ұлттық мониторинг жүйесінде өңірлер бөлінісінде қалыптасырылуы тиіс 81 индикатор анықталды.

Тұрақты дамудың өңірлік индикаторлар жүйесі толық қалыптаспауы себебінен, өңірдің орнықты даму деңгейін анықтау мүмкіндігі артады, мониторинг жүйесі жетіледі. Жаһандық орнықты дамудың өлшем әдістемесі тұрғысынан бұл шешілуі міндетті мәселе.

Алайда, өңірдің орнықты дамуы индикаторлар жүйесінің мониторингі ауқымынан кең. Аумақтық бүгінгі әлеуметтік және экологиялық сипаттағы даму ахуалы мен экономикасының бүгінгі жоғары даму әлеуетіне ықтимал болашақ сын-қатерлер өңірдің дамуына кешенді тұжырым, ұзақ мерзімді және орта мерзімді орнықты даму стратегиясының қажеттілігінің өзекті дәлелі. Қолданыстағы өңірді дамыту құжаттары өңірдің кешенді түрде орнықты дамуын бағаламайды, ғылыми негізделмеген *(Аумақтық даму-Тиімділігіне Бағалау жүргізілмейді, индикаторлар орындалысына, нақты сандық орындалыс көрсеткішіне бағалау жүргілідеді, қаланың даму стратегиясы-мониторинг тетіктері нақтыланбаған, Қаланың экологиялық әсерлерінің болжамды есептеулері келтірілмеген, Ауыл ел бесігі жобасы -инфрақұрлымдық дамуға негізделген, ауылшаруашылығы әлеуетінің даму әсері есептелмеген, Кешенді даму жоспары- даму бағдарламасымен қайталантын индикаторлар, шаралар, 2 құжат бойынша барлығы – 24 индикатор 578 іс-шара мониторингі, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы - Есептеу әдістемесі бекітілмеген, жобалардың тиімділігін әсерін бағалау тетігі жоқ, бағалау жүргізілмейді, жыл сайынғы негізде ауыспалы сипатта).*

Ортамерзімді және ұзақмерзімді перспективада өңірдің Орнықты дамуын (экологиялық, экономикалық, әлеуметтік теңгерімді дамуын) бағаламайды, оның ішінде сын-қатер, мүмкіндіктер мен тәуекелдер бағаланбайды, ұзақ мерзімді қаржылық болжамдау жоқ, орнықты даму мақсаттарын толық қамтымайды, өзара байланыс жоқ құжаттарда.

Осы орайда, өңірдің орнықты даму рейтингі жүйесін енгізу өзекті саналады.

Бұл ретте, өңірдің орнықты дамуында есерілетін мәселе ағымдағы дамыған экономикалық әлеуеті емес, өңір экономикасының өсімі есебінен антропогендік



жүйеге келетін залалдар мен залалдардың қоғамға әсері, адами капиталдың сапасын ескеру.

Өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау мен арнайы өңдеудің орталықтандырылған жүйесін ұйымдастыру, жануарлар дүниесін молайту және сақтау бойынша биотехникалық іс-шаралар жүргізу, облыс аумағында атмосфералық ауаға ластаушы заттарды азайту үшін жасыл желектерді ұлғайту, мұнайдың төгілуін болдырмау және жою бойынша іс-шаралар жүргізу қажет. Бұл тұрғындар үшін өзекті мәселер.

Осы тұрғыдан алғанда, Атырау облысының шикізаттық әлеуеті негізінде сол салаға басымдық беріле отырып, әлеуметтік сипаттағы мәселелердің дамуы екінші кезектегі басымдықтарға айналды деуге негіз бар. Оған себеп: жұмыссыздық деңгейінің азаймауы, өнеркәсіп саласынан өзге салалардағы жалақының жоғары дифференциациясы.

ЖӨӨ негізін өнеркәсіп, атап айтқанда көмірсутек шикізатын өндіру құрайды. Бұл ретте, өнеркәсіпте облыстың барлық жұмыспен қамтылған халқының 16,3% ғана қамтылған. Жалақыға байланысты өзге салалардың тартымдылығы төмен. Бұл мұнай өндіру саласынан түсетін табыстың жоғары деңгейі жұмыспен қамтылған халықтың шағын бөлігіне бөлінетінін көрсетеді. Әсіресе, ауылдық жерлерде жұмыспен қамту проблемасы қалып отыр, бұл кедейшілік деңгейінің, ауылдық жерлерде және көп балалы отбасылардың едәуір бөлігінде өсу қаупіне алып келеді. Ауылдық елді мекендерді дамыту бағдарламалары бүгінгі күні инфрақұрылымдық дамуға бағытталған.

Денсаулық саласы бойынша ана мен бала өлімінің теріс қарқынды динамикасы, халықтың қызметтерге төмен қанағаттанушылығы, дәрігер таршылығы мен біліксіздігі, білім деңгейі бойынша рiса көрсеткіштерінің ең төменгі көрсеткіштері, туберкулез, тыныс алу және өзге де аурулар бойынша республика бойынша жоғары көрсеткіші, халықтың атмосфералық ауаның ластану деңгейіне өте жоғары наразылығы және жалақының сан есе айырмашылығы есебінен өнеркәсіптен өзге салалардың тартымдылығының болмауы өзекті болып отыр.

Талдау нәтижелеріне сүйенсек, Аумақты дамыту бағдарламаларының аясында атқарылатын шаралардың тиімділігі және жалпы бағдарламаның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсеріне кешенді бағалау, тиімділік әдістемесі жоқ. Бағдарламалар нақты жоспарланған шаралардың орындалуының сандық көрсеткіштерінің деңгейімен бағаланады. Ал, шаралардың жоспарлануы жоғары тұрған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде ғана жасақталады. Өңірдің өнеркәсіптік саланы дамытудан басқа негізгі бағыттары айқындалмаған.

Орнықты дамудың институционалдық механизмдеріне тоқталсақ, азаматтық қоғамның орнықты дамуды жүзеге асыруда жауапкершілік аймағы айқындалмаған. Республикалық деңгейдегі іс-шаралар өңірде жүйеленбеген. Бар механизмдер атқарылмайды. Өңірдің азаматтық қоғам ұйымдарының ғана емес, мемлекеттік қызметкерлері тарыпынан жаһандық мақсаттар туралы

ақпараттандырылу деңгейі жеткіліксіз, алайда, білім жетілдіру қажеттіліктері жоғары.

Жалпы қоғамдық санада орнықты даму, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны тірі организм ретінде бағалау, жауапты тұтыну мен өндіру – орнықты дамудың негізгі идеясы. Осы ретте, қарапайым өңір тұрғындарынан бұрын мемлекеттік басқару мен азаматтық қоғамның жаһандық мақсаттар туралы алғашқы он жылдыққа жуық мерзімде жеткіліксіз ақпараттандырылмауы күн тәртібіндегі өте өзекті мәселердің бірі.

Жоғарыда аталған мәселелер ОДМ іске асырудың өңірлік даму саясатының қолданыстағы тәсілдері мен іске асырылуы жеткілікті деңгейде жетілдірімегендігінің дәлелі.

Осы ретте, жергілікті деңгейде тиісті әдіснамалық және институционалдық сипаттағы өзгерістер енгізу өзекті.

Қорытындылай келе, жаһандық мақсаттардың ұлттық деңгейімен салыстырғанда өңірлік деңгейде бүгінгі күні нақты шаралар кешені атқарылмайды, институционалдық негізі қалыптаспаған. Азаматтық қоғам өкілдері мен мемлекеттік қызметкерлер арасында ОДМ туралы ақпараттандырылу деңгейі де жоғары немесе жеткілікті емес. 2015 жылы қабылданған жаһандық мақсаттардың ел өңірлерінде іске асырылуын жеделдету күн тәртібіндегі өзекті мәселе ретінде саналады. Алайда, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ең төменгі деңгейіндегі құжат – даму бағдарламаларында ОДМ толықтай қамтылмағандығы талдау нәтижелерінен айқын көрінді.

Өңірлік даму бағдарламаларының кезеңдерінде экологиялық іс-шаралардың қаржыландырылуына қарамастан, өңір халқы үшін өзекті мәселе әркез – экологиялық екендігін әр кезеңдегі жүргізілген сауалнама-зерттеулер дәлелдейді. Статистикалық көрсеткіштерге сүйенсек, халықтың денсаулық көрсеткіштері, ауру динамикасы мен саны бойынша теріс нәтижелер көптеп байқалады. Бұл мәселелердің себептерін анықтау зерттеулері жүргізу, жалпы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеулер үлесі өңірде жеткілікті қаржыландырылмайды. Аумақтық даму бағдарламаларының бекітілуі барысында халықтың түрлі санаттарын, әсіресе, ғылыми ортаны, сарапшыларды тарту үрдісінің нақты механизмдері айқындалмаған, бұл өз кезегінде, азаматтық белсенділердің наразылығын тудыруда және өңірдің ресурстық бай әлеуетінің халық игілігіне мақсатты түрде жұмсалыуына тұрғындар арасында билікке сенімсіздік тудыруға алып келуде. ОДМ-ның осы мәселеде ең тиімді тұжырымының бірі – ешкімді тыс қалдырмау, билік, бизнес және азаматтық қоғам мен халықтың түрлі топтарының белсенділігі мен бірлестіктерін көздейді. Орнықты дамудың, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық компоненттерінің теңгерімді дамуын көздейтін тұжырымдама шикізаттық ресурстарға бай әрі экологиялық және әлеуметтік мәселелері бар Атырау өңірі үшін емес, еліміздің өзге де өңірлерінде жедел жүзеге асыруды қолға алатын стратегия.

## Ұсыныстар:

Жобаның талдау нәтижелеріне сүйене отырып, орнықты дамудың жаһандық мақсаттарының өңірлік деңгейде жүзеге асырылуын жетілдіру бағытында келесі шаралар кешенін іске асыру ұсынылады:

1) Өңірлік деңгейде ОДМ-ның іске асырылу шараларын жүйелеу мақсатында жергілікті деңгейде институттық негізін қалыптастыру: 1) ЖАО жетекшілігімен өңірлік орнықты даму мәселелері жөніндегі кеңес құру (*жұмыс топтарымен*); 2) ОДМ-ын жергілікті деңгейде жүзеге асырудың 2022-2025 жылдарға арналған өңірлік Жол картасын бекіту (*қосымша-1: өңірлік кеңес құрамы, іс-қимыл механизмі; қосымша-2: Жол картасы жобасы*);

2) Жол картасы аясында ЖАО және аумақтық статистика департаменттерімен бірлескен түрде бекітілген Орнықты даму мақсаттарының ұлттық индикаторларының өңірлік бөліністегі 81 индикатордың (*ОДМ ұлттық индикаторларының 31%*) өңірлік көрсеткіштерін қалыптастыру арқылы ОДМ жергілікті деңгейде іске асырылу мониторингін жетілдіру; (*қосымша-3: индикаторлар тізімі*);

3) БҰҰ-ның бекітілген есептеу әдістемесі бойынша ЖАО өңірлердің орнықты даму индекстері негізінде жыл сайынғы негізде рейтинг жүргізу. Рейтинг нәтижелерін ЖАО мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын жасақтауда және салалық шешімдер қабылдау барысында басшылыққа алу;

4) Өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету және облыстардың даму жоспарларын орнықты даму мақсаттарына сәйкес жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығының «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын әзірлеу» 7-параграфының 143 тармағын келесі редакциямен жаңалау ұсынылады: «Жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асырудың нысаналы индикаторлары ретінде қосымша өңірлердің өңірлік орнықты даму индекстерінің соңғы үш жылдағы нәтижелері бойынша төмен көрсеткіштерге ие бағыттар бойынша Орнықты даму мақсаттарының индикаторлары енгізіледі»;

5) Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру (*бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар*) бойынша облыстық іс-шаралар жоспарының V бағыты ретінде «Жергілікті деңгейде БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын имплементациялауға азаматтық қоғамды тарту» тармағын енгізу арқылы облыстық іс-шараны қайта бекіту;

6) ОДМ-ның бағыттарына сәйкес тиісті салалық мемлекеттік қызметкерлерді (*Өңірлік кеңес құрамын қоса алғанда*) ОДМ бойынша онлайн оқытулар арқылы біліктілігін арттыру шараларын ұйымдастыру;

## Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. Жүгінген күні: 10.09.2021ж
- 2 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790> . Жүгінген күні: 12.04.2021ж
- 3 Rankings the overall performance of all 193 UN Member States SDG // – URL: <https://dashboards.sdgindex.org/rankings>. Жүгінген күні: 16.01.2022ж
- 4 Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей 25 сентября 2015 года 70/1 «Преобразование нашего мира: Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года» // – URL: [https://unctad.org/system/files/official-document/ares70d1\\_ru.pdf](https://unctad.org/system/files/official-document/ares70d1_ru.pdf). Жүгінген күні: 18.09.2021ж
- 5 «Пределы роста», доклад Римского клуба по проекту «Проблемы человечества», опубликованный в 1972 году // – URL: <http://www.donellameadows.org/wp-content/userfiles/Limits-to-Growth-digital-scan-version.pdf> . Жүгінген күні: 16.12.2021ж
- 6 Повестка дня на XXI век принята Конференцией ООН по окружающей среде и развитию, Рио-де-Жанейро, 3–14 июня 1992 года // – URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/agenda21.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/agenda21.shtml). Жүгінген күні: 01.09.2021ж
- 7 «Наше общее будущее» Доклад Международной комиссии по окружающей среде и развитию перевод с английского под редакцией С.А. Евтеева и Р.А. Перелета // – URL: <http://xn--80adbkckdfac8cd1ahpld0f.xn--plai/files/monographs/OurCommonFuture-introduction.pdf>. Жүгінген күні: 18.02.2022ж
- 8 Организация Объединенных Наций, Доклад о целях в области устойчивого развития, 2020 год // – URL: [https://unstats.un.org/sdgs/report/2020/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2020\\_Russian.pdf](https://unstats.un.org/sdgs/report/2020/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2020_Russian.pdf) . Жүгінген күні: 14.01.2022ж
- 9 Организация Объединенных Наций, Доклад о целях в области устойчивого развития, 2021 год // – URL: [https://unstats.un.org/sdgs/report/2021/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2021\\_Russian.pdf](https://unstats.un.org/sdgs/report/2021/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2021_Russian.pdf) . Жүгінген күні: 17.01.2022ж
- 10 Департамент по экономическим и социальным вопросам ООН «Устойчивое развитие - платформа знаний», добровольные национальные обзоры, исследования и отчеты // – URL: <https://sustainabledevelopment.un.org/vnrs>. Жүгінген күні: 28.01.2022ж

- 11 Коалиция за устойчивое развитие страны (КУРС), Гражданский обзор // – URL: <http://kurs2030.ru> . Жүгінген күні: 18.02.2022ж
- 12 Экономикалық зерттеулер институтының ресми сайты. Орнықты даму мақсаттары. // – URL: [https://economy.kz/kz/Celi\\_ustojchivogo\\_razvitija/About\\_TSUR](https://economy.kz/kz/Celi_ustojchivogo_razvitija/About_TSUR) . Жүгінген күні: 16.01.2022ж
- 13 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарының мониторингі. // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // – URL: [https://stat.gov.kz/for\\_users/sustainable\\_development\\_goals](https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals). Жүгінген күні: 29.01.2022ж
- 14 Добровольный национальный обзор - Казахстан - 2019. URL: [file:///C:/Users/asus/Desktop/PC%2020621/для%20ИП/матер/obzor\\_nat\\_rus.pdf](file:///C:/Users/asus/Desktop/PC%2020621/для%20ИП/матер/obzor_nat_rus.pdf) . Жүгінген күні: 17.10.2021ж
- 15 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000390>. Жүгінген күні: 11.12.2022ж
- 16 16.03.2020 жылғы Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы облыстық іс-шаралар жоспары
- 17 Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы №670 Жарлығымен бекітілген Ұлттық жобалар тізбесі // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты - URL: [https://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs). Жүгінген күні: 11.01.2022
- 18 Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024908>. Жүгінген күні: 14.11.2021ж
- 19 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636https://www.unicef.org/pacificislands/research-and-reports>. Жүгінген күні: 16.12.2021ж
- 20 Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы // Атырау облысындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // – URL:

[https://stat.gov.kz/region/252311/statistical\\_information/industry/2325](https://stat.gov.kz/region/252311/statistical_information/industry/2325). Жүгінген күні: 16.05.2021ж

21 Ұлттық шоттар статистикасы // Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5>. Жүгінген күні: 15.05.2021ж

22 2021 – 2025 жылдарға арналған Атырау облысын дамыту бағдарламасын бекіту туралы 15 қаңтар 2021 жылғы №10-VII Атырау облыстық мәслихатының шешімі // Атырау облысы әкімдігінің ресми сайты // – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-economy/documents/1?lang=kk>. Жүгінген күні: 16.02.2022ж

23 Қазақстан өңірлерінің рейтингі // Стратегиялық бастамалар орталығының ресми сайты // Рейтингтер – URL: <https://kz.csi.kz/ratings>. Жүгінген күні: 11.01.2022ж

24 Whiteshield Partners. Национальный доклад о человеческом развитии // Цели устойчивого развития и развитие регионов казахстана, основанное на их производственных возможностях – 2016. URL: [file:///C:/Users/asus/Desktop/НЧДР%202016%20\(8\).pdf](file:///C:/Users/asus/Desktop/НЧДР%202016%20(8).pdf). Жүгінген күні: 16.05.2022ж

25 Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016584>. Жүгінген күні: 16.05.2022ж

26 Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 мамырдағы №337 қаулысы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000042>. Жүгінген күні: 16.02.2022ж

27 Атырау қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 5 қарашадағы № 25-VII шешімі;

28 Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №990 қаулысы // «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>. Жүгінген күні: 08.11.2021ж

29 Журнал Forbes Kazakhstan, Рейтинг конкурентоспособности регионов Казахстана - выпуск №130 (июнь '22) - URL: [https://i.forbes.kz/hires/060061\\_reiting\\_infograf\\_fbkz\\_1119\\_%D0%9A\\_OUT.jpg](https://i.forbes.kz/hires/060061_reiting_infograf_fbkz_1119_%D0%9A_OUT.jpg). Жүгінген күні: 07.01.2022ж

30 Статистикалық жинақтар // Қоршаған ортаны қорғау және Қазақстанның орнықты дамуы 2016-2020 жж. // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика

бюросының ресми сайты // – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.  
Жүгінген күні: 05.09.2021ж

31 Атырау облысының 1991-2020 жж. негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің серпіні // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы сайты - URL: <https://stat.gov.kz/region/252311/dynamic> . Жүгінген күні: 15.12.2021

32 Статистикалық жарияланымдар. Атырау облысындағы жұмыспен қамтылу // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // – URL: [https://stat.gov.kz/region/252311/statistical\\_information/publication](https://stat.gov.kz/region/252311/statistical_information/publication). Жүгінген күні: 10.09.2021ж

33 «Стратегия» ӘСЗО. Атырау облысындағы жұмыссыздық әлеуметтік зерттеуі- 2020 ж. – URL: <https://azh.kz/kz/news/view/51270> . Жүгінген күні: 25.01.2022ж

34 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарының мониторингі. «Қазақстандағы Орнықты даму мақсаттары» статистикалық жинағы (2016-2020) // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // – URL: [https://stat.gov.kz/for\\_users/sustainable\\_development\\_goals](https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals). Жүгінген күні: 18.10.2021ж

35 Общественный фонд «Urban Forum Kazakhstan». Социологический опрос «Атырау сегодня. Идентичность, точки притяжения и качество жизни» - 2020 ж – URL: <https://urbanforum.kz/atyrau-today-survey>. Жүгінген күні: 02.04.2022ж

36 PaperLab зерттеу орталығы. «Атырау жастары мен жасөспірімдері: әлеуметтік көңіл-күйі, құндылықтары мен мінез-құлық ұстанымдары» зерттеуі. 2022 ж – URL: <https://paperlab.kz/tpost/z89em7c8d1-atirau-zhastari-men-zhassprmdr-leumettk>. Жүгінген күні: 16.04.2022ж

37 Атырауда тұрақты даму мақсаттарының басым міндеттерін айқындай отырып, Ерікті ұлттық шолу жобасын жұртшылықпен талқылау және Стокгольм +50 кеңесіне ұсынымдар әзірлеу бойынша семинар. 2022 ж. – Атырау. – URL: <https://www.sparkblue.org/stockholm50/consultation-kazakhstan/event/atyrau-stockholm-50-national-consultation>. Жүгінген күні: 25.04.2022ж

38 30.12.2019 ж. Атырау облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын әзірлеу бойынша Жұмыс тобын құру туралы өкім



## Талдамалы жазба

Жоба авторы: Жагпарова Айнаш

Ғылыми жетекші: Хамбар Бақытгүл

Жоба идеясы	Атауы: «Орнықты даму мақсаттарының жергілікті деңгейде іске асырылуын жетілдіру»
Проблемалық жағдай (кейс)	Сипаттамасы: Өңірлік деңгейде Орнықты даму мақсаттарын іске асыру бойынша шаралар кешені жеткілікті деңгейде жүйеленбеген, өңірлердің «орнықты» дамуын бағалаудың нақты тетіктері айқындалмаған, институционалдық, әдістемелік негізі, жүйесі қалыптастырылмаған, аумақтық даму бағдарламалары өңірдің орнықты дамуы тұрғысынан бағаланбайды, өңірлік даму бағдарламалары жоғары тұрған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарындағы индикаторларды құрайды, өңірлік ерекшелік бойынша индикаторлар қарастырылмайды, жаһандық мақсаттардың ұлттық деңгейде қабылданған шаралары өңірлік деңгейде жетілдірілмеген, орнықты даму мақсаттарының ұлттық индикаторлары өңірлік көрсеткіштер бойынша толық қалыптастырылмаған, орнықты даму мақсаттарын мемлекеттік қызметкерлер арасында ақпараттандыру шаралары жеткіліксіз, өңірлік азаматтық қоғам ұйымдарын орнықты даму мақсаттарын іске асыру шараларына тарту жұмыстары әлсіз
Аталмыш проблеманың қазірде бар шешімдері	Қазірде бар тәсілдердің жіктелуі: орнықты даму мақсаттары мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының өңірлік деңгейдегі даму бағдарламалары мақсаттардың 20% ғана қамтиды, Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасының өңірлік құжаттарында аймақтық азаматтық қоғам ұйымдарын Орнықты даму мақсаттарына тарту қарастырылмаған. Қолданыстағы даму бағдарламаларын жасақтауға үкіметтік емес және ғылыми ұйымдардың өкілдері, білімнің әртүрлі салаларының ғалымдары, бизнес-қоғамдастықтар қажет болған жағдайға ғана тартылады делінген. Сәйкесінше, өңірлік даму бағдарламаларының жұмыс тобы құрамында аталған санаттағы тұлғалардың тартылу үлесі төмен. Ұлттық индикаторлар жүйесінде өңірлік индикаторлардың үлесі жеткілікті қалыптастырылмаған, жалпы индикаторлар санынан 36,4% үлесінде немесе барлығы 74 индикатор бойынша ғана мониторинг жүргізіледі. Бұл мәселе өңірлердің ОДМ бойынша деңгейді анықтауда елеулі кедергі болып саналады. Сондай-ақ, көптеген өңірлік көрсеткіштер 2015 жылғы мультикластерлік зерттеулер, яғни жаңартылмаған. Артықшылықтар: Аумақтық даму бағдарламалары мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарындағы нысаналы индикаторлардың орныдалуын қамтамасыз етеді. Кемшіліктер: Аумақты дамыту бағдарламаларының аясында атқарылатын шаралардың тиімділігі және жалпы бағдарламаның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсеріне кешенді бағалау, тиімділік әдістемесі жоқ. Бағдарламалар нақты жоспарланған шаралардың орындалуының сандық көрсеткіштерінің деңгейімен бағаланады. Ал, шаралардың жоспарлануы жоғары тұрған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде ғана жасақталады. Аумақтық даму бағдарламаларының бекітілуі барысында халықтың түрлі санаттарын, әсіресе, ғылыми ортаны, сарапшыларды тарту үрдісінің нақты механизмдері айқындалмаған, бұл өз кезегінде, азаматтық белсенділердің наразылығын тудыруда және өңірдің ресурстық бай



	<p>әлеуетінің халық игілігіне мақсатты түрде жұмсалыуына тұрғындар арасында билікке сенімсіздік тудыруға алып келуде. Өңірдің өнеркәсіптік саланы дамытудан басқа негізгі бағыттары айқындалмаған. Орнықты дамудың институционалдық механизмдеріне тоқталсақ, азаматтық қоғамның орнықты дамуды жүзеге асыруда жауапкершілік аймағы айқындалмаған. Республикалық деңгейдегі іс-шаралар өңірде жүйеленбеген. Бар механизмдер атқарылмайды. Өңірдің азаматтық қоғам ұйымдарының ғана емес, мемлекеттік қызметкерлері тарапынан жаһандық мақсаттар туралы ақпараттандырылу деңгейі жеткіліксіз, алайда, білім жетілдіру қажеттіліктері жоғары. Жалпы қоғамдық санада орнықты даму, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны тірі организм ретінде бағалау, жауапты тұтыну мен өндіру – орнықты дамудың негізгі идеясы. Осы ретте, қарапайым өңір тұрғындарынан бұрын мемлекеттік басқару мен азаматтық қоғамның жаһандық мақсаттар туралы алғашқы он жылдыққа жуық мерзімде жеткіліксіз ақпараттандырылмауы күн тәртібіндегі өте өзекті мәселердің бірі.</p>
<p>Аталмыш проблеманың ұсынылатын шешімі</p>	<p>Балама тәсілдің сипаттамасы, оны жүзеге асыру тәртібі: Өңірлік деңгейде ОДМ-ның іске асырылу шараларын жүйелеу мақсатында жергілікті деңгейде институттық негізін қалыптастыру: 1) ЖАО жетекшілігімен өңірлік орнықты даму мәселелері жөніндегі кеңес құру (жұмыс топтарымен); 2) ОДМ-ын жергілікті деңгейде жүзеге асырудың 2022-2025 жылдарға арналған өңірлік Жол картасын бекіту; Өңірлік кеңес облыстың орнықты даму мәселелерін зерделеу, облыстың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелердің теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мәселелерін жақсарту бағытында облыстың жергілікті атқарушы органдары, азаматтық қоғам өкілдерінің ықпалдасу негізінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылады.</p> <p>2) Жол картасы аясында ЖАО және аумақтық статистика департаменттерімен бірлескен түрде бекітілген Орнықты даму мақсаттарының ұлттық индикаторларының өңірлік бөліністегі 81 индикатордың (ОДМ ұлттық индикаторларының 31%) өңірлік көрсеткіштерін қалыптастыру арқылы ОДМ жергілікті деңгейде іске асырылу мониторингін жетілдіру;</p> <p>3) БҰҰ-ның бекітілген есептеу әдістемесі бойынша ЖАО өңірлердің орнықты даму индекстері негізінде жыл сайынғы негізде рейтинг жүргізу. Рейтинг нәтижелерін ЖАО мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын жасақтауда және салалық шешімдер қабылдау барысында басшылыққа алу;</p> <p>4) Өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету және облыстардың даму жоспарларын орнықты даму мақсаттарына сәйкес жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығының «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын әзірлеу» 7-параграфының 143 тармағын келесі редакциямен жаңалау ұсынылады: «Жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асырудың нысаналы индикаторлары ретінде қосымша өңірлердің өңірлік орнықты даму индекстерінің соңғы үш жылдағы</p>

	<p>нәтижелері бойынша төмен көрсеткіштерге ие бағыттар бойынша Орнықты даму мақсаттарының индикаторлары енгізіледі»;</p> <p>5) Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар) бойынша облыстық іс-шаралар жоспарының V бағыты ретінде «Жергілікті деңгейде БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын имплементациялауға азаматтық қоғамды тарту» тармағын енгізу арқылы облыстық іс-шараны қайта бекіту;</p> <p>6) ОДМ-ның бағыттарына сәйкес тиісті салалық мемлекеттік қызметкерлерді (Өңірлік кеңес құрамын қоса алғанда) ОДМ бойынша онлайн оқытулар арқылы біліктілігін арттыру шараларын ұйымдастыру; Мүмкіндіктер: Өңірдің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттарда теңгерімді, орнықты дамуының өңірлік стратегиясын айқындау, Орнықты даму мақсаттарының бекітілген өңірлік деңгейде қалыптастырылған нысаналы индикаторлары бойынша мониторинг жүргізсек өңірдің әлеуметтік сипаттағы көптеген көрсеткіштері бойынша жетілдіруді, стратегиясын айқындау қажет маңызды мәселелер бар. Оның ішінде, жұмыспен қамту, ауылдық елді мекендердегі тұрмыс деңгейі, денсаулық сақтау, білім беру, қоршаған орта, экономиканы әртараптандыру мәселелері. Тәуекелдер: өңірлік кеңес құрамының мүшелеріне жүктеме, өңірлік көрсеткіштер бойынша индикатор қалыптастыру шараларының мерзімі бойынша жылдық мерзім жоспарынан асуы</p>
Күтілетін нәтиже	<p>Балама тәсілдің тиімділігін өлшеу, оны жүзеге асыруды бағалау әдістері</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- орнықты даму мақсаттарының жергілікті деңгейде іске асырылуының мониторингін жүргізуді жетілдіру;</li> <li>- орнықты даму мақсаттарының мемлекеттік жоспарлау жүйесіне енгізілу үлесін арттыру;</li> <li>- орнықты даму индикаторларын өңірлік даму бағдарламаларына енгізу арқылы қоршаған ортаны қорғауға бағытталатын шараларды және ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландыру, бағаны тұрақтандыру шараларын жақсарту;</li> <li>- өңірдің орнықты даму индексін айқындау арқылы, даму деңгейін айқындау, өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету бағытында басқарушылық шешімдер сапасын, тиімділігін арттыру;</li> <li>- ғылыми ортаның әлеуетін өңірдің орнықты дамуы бағытында қолдану; азаматтық қоғам ұйымдарымен іс-қимыл механизмдерін қалыптастыру; халық үніне құлақ асу тұжырымдамасына үлес қосу;</li> </ul>
Әдебиет	<p>Тізім</p> <p>Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы;</p> <p>Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы</p> <p>Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы облыстық іс-шаралар жоспары</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген Ұлттық жобалар тізбесі</p> <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың</p>

	даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығы.; Атырау облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын әзірлеу бойынша Жұмыс тобын құру туралы өкім
--	--

## Өңірлік орнықты даму жөніндегі кеңесі туралы ереже

Өңірлік орнықты даму жөніндегі кеңесі туралы ереже өңірлік орнықты даму жөніндегі өңірлік кеңес қызметінің ұйымдастыру және құқықтық негіздерін, міндеттерін, қызметтерін айқындайды.

### 1. Жалпы ережелер

1. Өңірлік кеңес облыстың орнықты даму мәселелерін зерделеу, облыстың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелердің теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мәселелерін жақсарту бағытында облыстың жергілікті атқарушы органдары, азаматтық қоғам өкілдерінің ықпалдасу негізінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылады.

2. Өңірлік кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, БҰҰ Орнықты даму Резолюциясын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Өңірлік кеңестің шешімдері ұсынба негізінде болады.

### 2. Өңірлік кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері

1. Өңірлік кеңестің негізгі мақсаты келесі мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу болып табылады:

1) Орнықты дамудың жаһандық мақсаттарының өңірлік деңгейде жүзеге асырылуын жетілдіру шараларын ұйымдастыру;

2) орнықты даму мақсатына қол жеткізу бағытында өңірлік азаматтық қоғам, бизнес және мемлекеттік басқару өкілдерінің ынтымақтастығын шоғырландыру арқылы өңірдің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық саясатының жақсаруына кеңес беру;

3) Өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында орнықты даму стратегиясын айқындау;

4) Өңірдің азаматтық қоғам ұйымдарының орнықты даму мақсаттарын жүзеге асыруда белсенділігін қамтамасыз ету;

2. Негізгі мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында Өңірлік кеңес келесі міндеттерді орындайды:

1) орнықты даму қағидаттарының стратегиялық жоспарлауға және әлеуметтік-экономикалық дамуды басқаруға ықпалдасуына жәрдемдесу;

2) орнықты даму саласындағы шешімдерді орындау, сондай-ақ орнықты дамудың мемлекеттік, салалық бағдарламаларын, аумақтық дамытудың органдардың, қоғамның мүдделі топтарының қызметіне жәрдемдесу;

3) орнықты дамудың институционалдық құрылымдарының қызметіне қолдау көрсету;

4) өңірлік деңгейде орнықты даму саласында жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар енгізу болып табылады

5) орнықты даму мәселелері жөніндегі ақпараттық саясатты қалыптастыру;

6) мемлекеттік органдар мен жұртшылықты хабардар ету. Орнықты даму мәселелері бойынша жыл сайынғы есеп беруді дайындау және оны жариялау.

7) орнықты дамуға көшу жөніндегі прогресс мониторингі және бағалау әрі орнықты даму көрсеткіштері мен индикаторларын әзірлеу және енгізу жөніндегі ұсыныстарды енгізу.

8) орнықты дамудың аумақтық және салалық жобаларын ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ орнықты даму жөніндегі жобаларды іске асыруды жетілдіру.

3. Кеңес функциялары өңірдегі мынадай бағыттар бойынша мәселелерді жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады:

1) кедейшілік пен аштықты жою, халықтың денсаулығы мен амандығы, сапалы білім, гендерлік теңдік, таза су мен санитария, қолжетімді әрі таза энергия, лайықты жұмыс, экономикалық өсім, индустриализация, инновациялар мен инфрақұрылым, теңсіздікті қысқарту, қалалар мен елді мекендердің Орнықты дамуы, жауапты тұтыну мен өндіру, климаттың өзгеруі мен экожүйелерді қорғау, бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар мәселелерін жақсарту;

### 3. Кеңес жұмысының тәртібі

1. Кеңес отырысы қажеттілігіне қарай тоқсанына бір реттен сиретпей және міндетті түрде жылдық орнықты даму рейтингі қорытындысын талқылау үшін есептік жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірі мерзімде өткізіледі. Кеңес отырысында орнықты даму бойынша мемлекеттік және салалық бағдарламаларды орындау туралы есептер тыңдалады және Кеңес қызметінің қорытындысы және нәтижелері қорытылады. Кеңес отырыстарда күн тәртібіне сәйкес есептерді қарайды және барлық қойылған мәселе бойынша арнаулы шешімдер шығарады.

2. Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

### 4. Өңірлік кеңестің құқықтары

1. Өңірлік кеңес өз құзыреті шенберінде:

1) облыс әкімдігінің қарауына өңірдің орнықты дамуына, орнықты даму бойынша атқарылған жұмыс туралы ақпаратты енгізуге;

2) өз жұмысына мемлекеттік органдардың басшылығын, инвесторларды, сарапшыларды және мамандарды тартуға;

3) Өңірлік кеңестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік органдардан және басқа ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға;

## 5. Өңірлік кеңес жұмысын ұйымдастыру

Өңірлік кеңестің жұмыс органы:

1. Кеңес жұмысының жоспарын әзірлейді;
2. Кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде:
  - 1) Өңірлік кеңес отырыстарында қарастыру үшін ұсыныстар жинақтайды, күн тәртібі бойынша қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және отырыстардың күн тәртібін қалыптастырады;
  - 2) Орнықты даму мақсаттарының өңірлік индикаторлары бойынша ақпараттарды жинақтап, өңірдің даму рейтингін жасақтайды және өңірлік кеңес қарауына жолдайды.
  - 3) Өңірлік кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды.
  - 4) Өңірлік кеңес отырыстарын өткізуді, дайындауды және отырыстан кейін хаттаманы ресімдеуді Өңірлік кеңес хатшысы жүзеге асырады.

Өңірлік орнықты даму жөніндегі кеңесінің құрамы

- Облыс әкімінің Бірінші орынбасары, төраға;
- Облыс әкімі аппаратының басшысы, төрағаның орынбасары;
- Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысы, төрағаның орынбасары;
- Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, төрағаның орынбасары;
- Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысы, төрағаның орынбасары;
- Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, өңірлік даму бөлімінің басшысы, хатшы;
- Кеңес мүшелері: облыстық басқармалар басшылары;
- Атырау облысы бойынша Әділет департаменті басшылығы;
- Атырау облысы бойынша Статистика департаменті басшылығы;
- Атырау облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті басшылығы;
- Атырау облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы (келісім бойынша) ;
- Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы;
- Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің төрағасы ;
- Қала және аудан әкімдері (келісім бойынша) ;
- Экология департаменті (келісім бойынша) ;
- Азаматтық қоғам ұйымдары (келісім бойынша) ;
- Атамекен кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша)

**Қосымша 2**

ОДМ жергілікті деңгейде іске асыру бойынша 2022-2025 жж арналған  
Жол картасы

№	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көздері	Тиімділік көрсеткіштері
<b>ОДМ институционалдық негізін қалыптастыру. Статистиканы жетілдіру</b>							
1	ОДМ ұлттық индикаторларының өңірлер бойынша көрсеткіштерді дезагрегациялау	Өңірлік индикаторларды бекіту туралы бұйрық	Аумақтық статистика департаменті, жұмыс органы – экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, өңірлік салалық басқармалар	Қаңтар 2023 жыл	Қаржыландыру қажет етпейді	-	ОДМ-ның өңірлік деңгейдегі мониторингін бағалау үшін индикаторлардың 100% қамтамасыз етілуі
2	ОДМ статистикасын қалыптастыруға зерттеу ұйымдарын тарту	Жұмыс тобы отырыстарының хаттамасы	жұмыс органы – экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, Ішкі саясат басқармасы, облыс әкімі аппараты	тамыз 2022 жыл	Қаржыландыру қажет етпейді	-	Индикаторлады іріктеудің ғылыми негіздемесі
3	ОДМ өңірлік деңгейде іске асыру бойынша аумақтық комиссиясын (жұмыс тобын) құру	Комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық	экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, Ішкі саясат басқармасы, облыс әкімі аппараты	тамыз шілде жыл	Қаржыландыру қажет етпейді	-	ОДМ іске асрудың өңірлік институттық негізін қалыптастыру
4	Өңірлік азаматтық қоғам ұйымдарының ОДМ іске асыру шараларын ұйымдастыру	Іс-қимыл механизмін айқындау	Ішкі саясат басқармасы, облыс әкімі аппараты, жұмыс органы – экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы,	2022 жыл	Қаржыландыру қажет етпейді		Азаматтық қоғамның ОДМ іске асыруда белсенділігі
5	Әлеуметтік жобалар тізімінде ОДМ айқындау	Жобалар тізімін бекіту (ОДМ міндеттері көзделген)	Ішкі саясат басқармасы	2022 – 2023 жж	Белгіленген қаражат аясында		Өңірде ОДМ жүзеге асуының жетілуі
6	Мемлекеттік қызметшілерді ОДМ бойынша оқыту		облыс әкімі аппараты, Мемлекеттік қызмет істерінің аумақтық департаменттері	2022-2023 жж	Белгіленген қаражат аясында		Мемлекеттік қызметшілер біліктілігінің артуы, сапалы шешімдер үлесінің артуы
7	ОДМ мақсаттары бойынша		Ішкі саясат басқармасы	2022-2023 жж	Белгіленген қаражат аясында		Халықтың ОДМ туралы ақпараттандыры

	ақпараттық-насихаттық, танымдық шараларын іске асыру						лу деңгейінің артуы
Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру							
8	Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне ОДМ енгізу бойынша ұсыныстар беру	Ұлттық экономика министрінің ұсынысы	экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	2022 жыл тамыз – 2023 жыл наурыз	Қаржыландыру қажет етпейді		ОДМ-ның мемлекеттік жоспарлау жүйесінде қамтылу үлесінің артуы
9	Өңірлік орнықты даму рейтингін жасақтау	Рейтинг	Өңірлік үйлестіру кеңесі	Жыл сайын	Қаржыландыру қажет етпейді		
10	Аумақтық даму бағдарламасына ОДМ өңірлік өзекті индикаторларын енгізу	Даму бағдарламасын бекіту	экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, салалық басқармалар	2022 – 2023 жж	Қаржыландыру қажет етпейді		Даму бағдарламаларында кем дегенде 20 пайыз үлесінде ОДМ индикаторларының қамтылуы
11	Өңірдің орнықты даму стратегиясын жасақтау мәселесінің тиімділігін зерделеу	Ұсыныс-пікірлер негіздемелер	экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, салалық басқармалар, зерттеу институттары (келісім бойынша)	2022 ж	Қаржыландыру қажет етпейді		Өңірдің орнықты даму стратегиясын айқындау
12	ОДМ аясында өңірдің әлеуметтік, қоршаған орта салалары бойынша зерттеулер жүргізу	Іске асыру актісі	экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, табиғи ресурстар басқармасы, экология департаменті	2022-2023 жж	Белгіленген қаражат аясында		Табиғи ресурстарды сақтауға үлес
13	БҰҰДБ, Экономикалық зерттеулер институтының ОДМ іске асыру Хатшылығын тарту арқылы іс-қимыл жүйесін қалыптастыру	Өңірлік орнықты даму кеңесі хаттамалары	экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	2023-2025 жж	Қаржыландыру қажет етпейді		ОДМ іске асыру бойынша ынтымақтастықты арттыру, басқа көздерден қаржыландыру тарту мүмкіндіктері

### Қосымша 3



топтар					
"Адамдар"	"Өркендеу"	"Планета"	"Әлем"	"Әріптестік"	Барлығы
индикаторлар саны					
31	19	18	12	1	81

ОДМ №	өңірлік бөліністе қалыптастырылған	көрсеткіштер анықталмаған	өңірлік бөліністі қажет етпейді	өңірлік бөліністе қалыптастыру қажет
1	5	4	1	4
2	3	2	1	9
3	11	4	1	11
4	8	1	1	1
5	2	5	1	6
6	2	0	2	7
7	2	2	0	3
8	6	4	0	5
9	6	1	1	6
10	0	8	4	3
11	9	3	3	2
12	0	10	1	3
13	3	4	1	1
14	2	4	2	2
15	5	2	2	5
16	2	9	3	12
17	2	5	21	1
	<b>68</b>	<b>68</b>	<b>45</b>	<b>81</b>

#### Қосымша 4

Зерттеу аясында автормен мемлекеттік қызметкерлерге өткізілген сауалнама сұрақтары:

1. Лауазымыңыз
2. 2015 жылы БҰҰ-мен қабылданған ОДМ (ОДМ) туралы қаншалықты ақпараттандырылғансыз?
3. ОДМ туралы қай ақпарат көздері арқылы таныстыңыз?
4. Қызметтік міндеттеріңізді жүзеге асыруда ОДМ тұжырымдамасын (мақсат-міндеттерін, индикаторларын) қаншалықты басшылыққа аласыз?
5. Жергілікті/өңірлік деңгейде ОДМ-ын насихаттау шараларын қалай бағалайсыз?
6. Орнықты даму бағытында білім алуға қажеттілігіңіз қандай?

Зерттеу аясында автормен азаматтық қоғам ұйымдарына өткізілген сауалнама сұрақтары:

1. 2015 жылы БҰҰ-мен қабылданған ОДМ туралы қаншалықты ақпараттандырылғансыз?
2. ОДМ туралы қай ақпарат көздері арқылы таныстыңыз?
3. Ұйымыңыздың қызмет бағытын жүзеге асыруда ОДМ тұжырымдамасын (мақсат-міндеттерін, индикаторларын) қаншалықты басшылыққа аласыз?
4. Жергілікті/өңірлік деңгейде ОДМ-ын насихаттау шараларын қалай бағалайсыз?
5. БҰҰ-мен 2015 жылы қабылданған Жаһандық мақсаттардың Ұлттық деңгейде іске асырылуын өлшейтін Ерікті Ұлттық шолуы жасақталды (2019 ж), ал, 2022 ж екінші Шолу жасақталуда. Сұрақ: ресми шолуларға баламалы түрде Азаматтық қоғам ұйымдарымен ОДМ-ның 17 мақсаты тұрғысынан Өңірдің Орнықты дамуын өлшейтін және мемлекеттік органдарға шешім қабылдауға ұсынылатын тәуелсіз, сарапшылық Шолулар жасақталуын қолдайсыз ба?
6. ОДМ-ның жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын жетілдіру үшін алдыңғы кезекте маңызды?